#### **4-бөлім. Металлургия өндірісі (түсті металдар)**

##### **1-тарау. Шикізат және шикіқұрам дайындау. Мыс-күкірт зауыттары мен фабрикаларында брикеттеу**

27. Жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер:

Жұмысшылар:  
кесектерді булаумен айналысатын автоклавшы;  
кесек қоспасын дайындайтын аппаратшы;  
бункерші;  
шикізат түсірумен айналысатын жүк түсіруші;

мөлшерлеуші;  
уатушы;  
шикіқұрамды тиеуші;  
ыстық жұмыс учаскелерінде істейтін түсті металлургия өнімдерін бақылаушы;  
брикет пресінің машинисі;  
кран машинисі (краншы);  
дірмен машинисі;  
қайта тиеу машинисі;  
елеу қондырғысының машинисі;  
тельфер машинисі;  
экскаватор машинисі;  
сынама алушы;  
реагент ерітуші;  
сепараторшы;  
шикізаттарды қайта түсірумен айналысатын ілмектеуші;  
брикет түсіруші;  
транспортерші;  
шикіқұрамшы.

Қызметшілер:

Бөлімшелердің, учаскелердің, цехтардың қызметін бақылауды және оған басшылық етуді қамтамасыз ететін жұмыскерлер, оның ішінде:

шебер (аға);  
технолог;  
электрик;  
электромеханик;  
энергетик (учаске).

## **2-тарау. Күйдіру және қақтау**

28. Жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер:

Жұмысшылар:

аппаратшы-гидрометаллург;  
бункерші;  
мөлшерлеуші;  
уатушы;  
ыстық жұмыста істейтін шикіқұрам тиеуші;  
ыстық жұмыста істейтін күйдіру пештерінің тиеп-түсірушісі;  
ыстық жұмыстарда істейтін түсті металлургия өнімдерін бақылаушы;  
қазандық машинисі (от жағушы);  
күйдіру бөлімшесінің газ үрлеу машинасының машинисі;

ыстық жұмыс учаскелерінде жұмыс істейтін кран машинисі (краншы);  
күйікті ұнтақтауда жұмыс істейтін диірмен машинисі;  
қоректендіру машинисі;  
ыстық жұмыс учаскелерінде жұмыс істейтін тельфер машинисі;  
монтажшы;  
күйдіруші;  
ыстық жұмыстарда істейтін отқа төтеп беруші;  
вельц-пешіндегі пешші;  
никель ұнтағын қалпына келтіруші пешші;  
сынама алушы;

жұмыс істеп тұрған өндіріс учаскелерінде (жұмыс орындарында) орнатылған жабдықтарды жөндеумен айналысатын жөндеу қызметтерінің жұмысшысы;

майлаушы;

ыстық жұмыс учаскелерінде жұмыс істейтін ілмектеуші;  
транспортерші;

ыстық жұмыстарда істейтін және элеваторларға қызмет көрсететін тасымалдаушы;  
бүркуші;

шикіқұрамшы.

Қызметшілер:

Бөлімшелердің, учаскелердің, цехтардың қызметін бақылауды және оған басшылық етуді қамтамасыз ететін жұмыскерлер, оның ішінде:

шебер (аға);

механик;

технолог;

электрик;

электромеханик;

энергетик (учаске).

### **3-тарау. Шікіқұрамды және өнеркәсіп өнімдерін күйежентектеу**

29. Жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер:

Жұмысшылар:

агломератшы;

ыстық агломератты түсіруші;

агломерация және күйдірудегі көрікші;

гүрсілдетуші;

гүрсілдетуші – көсеуші;

ыстық қайтарымды мөлшерлеуші;

уатушы;

шикіқұрамды тиеуші;

түсті металлургия өнімдерін бақылаушы;  
ыстық жұмыс учаскелерінде жұмыс істейтін кран машинисі (краншы);  
диірмен машинисі;  
қоректендіргіш машинисі;  
ыстық жұмыс учаскелерінде жұмыс істейтін тельфер машинисі;  
экспаустер машинисі;  
күйдіруші;  
қайтарма шламдарды өңдеуші;  
қыздырушы;

жұмыс істеп тұрған өндіріс учаскелерінде (жұмыс орындарында) орнатылған жабдықтарды жөндеумен айналысатын жөндеу қызметтерінің жұмысшысы;  
араластырушы;  
ыстық жұмыс учаскелерінде жұмыс істейтін ілмектеуші;  
ыстық агломератты қайтарумен айналысатын транспортершы;  
қож және айналым материалдарын тазалаушы;  
бүркуші;  
агломератты шикіқұрамдаумен айналысатын шикіқұрамшы.

Қызметшілер:

Бөлімшелердің, учаскелердің, цехтардың қызметін бақылауды және оған басшылық етуді қамтамасыз ететін жұмыскерлер, оның ішінде:

шебер (аға);  
учаске механигі;  
технолог;  
электрик;  
электромеханик;  
энергетик (учаске).

#### **4-тарау. Шикіқұрамды және өнеркәсіп өнімдерін кептіру**

30. Жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер:

Жұмысшылар:

бункерші;  
тиеуші;  
ыстық жұмыс учаскелерінде жұмыс істейтін түсті металлургияны бақылаушы;  
технология пештерінің от жағушысы;  
ыстық жұмыс учаскелерінде істейтін тельфер машинисі;  
сынама алушы;

жұмыс істеп тұрған өндіріс учаскелерінде (жұмыс орындарында) орнатылған жабдықтарды жөндеумен айналысатын жөндеу қызметтерінің жұмысшысы;  
кептіруші;

тасымалдаушы;

бүркуші;

шикіқұрамшы.

Қызметшілер:

Бөлімшелердің, учаскелердің, цехтардың қызметін бақылауды және оған басшылық етуді қамтамасыз ететін жұмыскерлер, оның ішінде;

шебер (аға);

механик;

технолог;

электрик;

электромеханик;

энергетик (учаске).

## **5-тарау. Балқыту және электротермиялық тәсілдермен металл алу**

31. Жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер:

Жұмысшылар:

бункерші;

жүк тиегіш жүргізуші;

цех ішінде жұмыс істейтін электр және қол арба жүргізуші;

ыстық агломератты түсіруші;

ыстық шлақты шығарумен айналысатын үйінділердегі түсіруші;

кабықтарды, фاینштейнді, штейнді, айналымды және қалдықтарын уақтаумен айналысатын уатушы;

уатушы;

шикіқұрамды тиеуші;

конвертерші;

түсті металлургия өнімін бақылаушы;

технологиялық пештерінің от жағушысы;

кесек нығыздағыш машинисі;

ыстық жұмыс учаскелеріндегі кран машинисі (краншы);

цехтардағы қоректендіргіш машинисі;

таратып құю машинасының машинисі;

скип көтергіш машинисі;

металлургиялық цехтың электровоз машинисі;

пештерде жұмыс істейтін санитариялық-техникалық жабдықтардың монтажшысы;

ыстық жұмыста істейтін отқа төтеп беруші;

балқытушы;

ыстық жұмыста істейтін сынама алушы;

жұмыс істеп тұрған өндіріс учаскелерінде (жұмыс орындарында) орнатылған жабдықтарды жөндеумен айналысатын жөндеу қызметтерінің жұмысшысы;

түсті металл мен құйманы құюшы;

электродты реттеуші;

ыстық жұмыс учаскелерінде жұмыс істейтін ілмектеуші;

транспорткерші;

ыстық металл тасумен айналысатын тасымалдаушы;

шикіқұрам тасымалдаумен айналысатын тасымалдаушы;

ыстық шлакты шығарумен айналысатын шлак пен айналым материалдарын жинаушы;

кремний тазалаумен айналысатын өнім тазалаушы;

шөміш тазалаумен айналысатын тазалаушы;

шикіқұрамшы;

шлактаушы;

электр пештері мен тұндырғыштарда істейтін электродшы.

Қызметшілер:

Бөлімшелердің, учаскелердің, цехтардың қызметін бақылауды және оған басшылық етуді қамтамасыз ететін жұмыскерлер, оның ішінде:

шебер (аға);

механик;

технолог;

электрик;

электромеханик;

энергетик (учаске).

## **6-тарау. Металдарды рафинадтау**

32. Жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер:

Жұмысшылар:

бункерші;

уатушы;

шикіқұрамшы тиеуші;

ыстық жұмыс учаскелерінде жұмыс істейтін түсті металлургия өнімін бақылаушы;

технология пешінің от жағушысы;

ыстық жұмыс учаскесінде жұмыс істейтін кран машинисі (краншы);

диірмен машинисі;

ыстық жұмыс учаскесінде жұмыс істейтін тельфер машинисі;

күйдіруші;

балқытушы;

сынама алушы;

жұмыс істеп тұрған өндіріс учаскелерінде (жұмыс орындарында) орнатылған жабдықтарды жөндеумен айналысатын жөндеу қызметтерінің жұмысшысы;  
түсті металдар мен құймаларды таратып құюшы;  
ыстық жұмыс учаскесінде жұмыс істейтін ілмектеуші;  
транспорттерші;  
металды жеткізумен айналысатын тасымалдаушы;  
бүркуші;  
шлактаушы.

Қызметшілер:

Бөлімшелердің, учаскелердің, цехтардың қызметін бақылауды және оған басшылық етуді қамтамасыз ететін жұмыскерлер, оның ішінде:

шебер (аға);  
ыстық жұмыс учаскесіндегі бақылау шебері;  
жабдықты жөндеу шебері;  
механик;  
технолог.

## **7-тарау. Гидрометаллургия, сілтісіздендіру, кадмий және купорос алу**

Жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер:

Жұмысшылар:

автоклавшы;  
жасанды шеелит әзірлеуші аппаратшы;  
кристалдау аппаратшысы;

агитаторлар мен қоюлатқыштарда, перколяцияда, тұндыру мен сүзуде жұмыс істейтін аппаратшы-гидрометаллург;

арматурашы;  
винипластшы;  
мөлшерлеуші;  
шикіқұрам тиеуші;  
сілті тиеуші;  
қышқылмен қаптаушы-гуммирлеуші;  
ыстық жұмыс учаскелерінде жұмыс істейтін түсті металлургия өнімін бақылаушы;  
химиялық талдау зертханашысы;  
брикеттеу пресінің машинисі;  
кран машинисі (краншы);  
құрғақ ұсақтаумен айналысатын диірмен машинисі;  
сорғы қондырғысының машинисі;  
күйдіруші;  
қайталама шламды өңдеуші;

отқа төтеп беруші;  
мырыш купоросын алушы пешші;  
балқытушы;  
сынама алушы;  
қышқылдарды, тұздар мен сілтілерді мөлшерлеуде жұмыс істейтін жұмысшы;  
аппаратура жөндеумен айналысатын жұмысшы;  
репульпаторшы;  
қышқылдарды, сілтілер мен тұздарды тасымалдаумен айналысатын тасымалдаушы;  
таратып салумен айналысатын буып-түюші;  
сүзгіші;  
хлораторшы;  
цементаторшы;  
центрифугалаушы;  
шикіқұрамшы;  
шламдаушы;  
су ерітінділерін электролиздеуші.

қызметшілер:

бөлімшелердің, учаскелердің, цехтардың қызметін бақылауды және оған басшылық етуді қамтамасыз ететін жұмыскерлер, оның ішінде:

шебер (аға);  
механик;  
технолог;  
электрик;  
электромеханик;  
энергетик (учаске).

## **8-тарау. Көміртекті материалдар, массалар және олардан жасалатын бұйымдар өндірісі**

34. Жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер:

Жұмысшылар:

араластырғыш айналымдардың жұмысшысы;  
жүк тиегіш жүргізушісі;  
газшы;  
шикізат пен дайын өнімдерді тиеумен айналысатын жүк тиеуші;  
мөлшерлеуші;  
уатушы;  
күйдіру және графиттеу пештерін тиеуші-түсіруші;  
анод құюшы;  
ыстық жұмыс учаскелерінде жұмыс істейтін түсті металлургия өнімін бақылаушы;  
күйдіруде, қыздыруда және графиттеуде жұмыс істейтін кран машинисі (краншы);

диірмен машинисі;  
сорап қондырғысының машинисі;  
елеу жабдығының машинисі;  
күйдіруші, қыздырушы, және графиттеуші тельфер машинисі;  
күйдіруші;  
ыстықтай жөндеумен айналысатын отқа төтеп беруші;  
тозаң, газ ұстаушы жабдықтарға қызмет көрсетуші оператор;  
басқару пультінің операторы;  
жентек балқытушы;  
электрод өнімдерін престеуші;  
қыздыруда, күйдіруде және графиттеуде жұмыс істейтін сынама алушы;  
қыздырушы;  
сіңіруші;  
электрод өнімдерінің слесарі;  
араластырушы;  
сұрыптаушы;  
электрод өнімдерін механикалық өңдеу жөніндегі станокшы;  
стендтеуші;  
қыздыруда, күйдіруде және графиттеуде жұмыс істейтін ілмектеуші;  
тасымалдаушы;  
электрод массаларын қалыптаушы;  
пеш жанындағы бүркуші;  
электрод массаларының хлораторшысы;  
өнім тазалаушы;  
аппаратуралардың ішкі құрылысын тазалаумен айналысатын тазалаушы;  
шикіқұрамшы;  
электродтарды штабельдеуші.  
қызметшілер:  
бөлімшелердің, учаскелердің, цехтардың қызметін бақылауды және оған басшылық етуді қамтамасыз ететін жұмыскерлер, оның ішінде:  
шебер (аға);  
механик;  
технолог;  
электрик;  
электромеханик;  
энергетик (учаске).

## **9-тарау. Жербалшық өндірісі**

35. Жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер:

Жұмысшылар:  
агломератшы;  
карбонизациялау аппаратшысы;  
жылу тасығыштарды қыздыратын аппаратшы;  
автоклавтар мен агитаторларда, сыныптамаларда, декомпозиерлерде, сүзгіде, пульпа әзірлеуде, каустификаторларда жұмыс істейтін аппаратшы-гидрометаллург;  
алюминат ерітіндісін буландыруда, диффузиялауда, карбонизациялауда жұмыс істейтін аппаратшы-гидрометаллург;  
арматурашы;  
бункерші;  
ыстық агломерат түсіруші;  
гүрсілдетуші;  
цемент, сода, каустик және жер сазын тиейтін жүк тиеуші;  
мөлшерлеуші;  
уатушы;  
шикіқұрам тиеуші;  
ыстық учаскелерде жұмыс істейтін түсті металлургия өнімдерін бақылаушы;  
технологиялық пештің от жағушысы;  
кран машинисі (краншы);  
диірмен машинисі;  
сорғы қондырғысының машинисі;  
қайтадан жүк тиегіш машинисі;  
қоректендіргіш машинисі;  
скипті көтергіш машинисі;  
экспаустер машинисі;  
күйдіруші;  
ыстықтай жөндеумен айналысатын отқа төтеп беруші;  
тозаң, газ ұстаушы қондырғыға қызмет көрсететін оператор;  
сынама алушы;  
қыздырушы;  
репульпаторшы;  
сепараторшы;  
транспорттерші;  
сүзгіші;  
флотаторшы;  
бүркуші;  
центрифугалаушы;  
аппаратура тазалаумен айналысатын тазалаушы;  
шикіқұрамшы;

шламдаушы.

Қызметшілер:

Бөлімшелердің, учаскелердің, цехтардың қызметін бақылауды және оған басшылық етуді қамтамасыз ететін жұмыскерлер, оның ішінде:

шебер (аға);

механик;

электрик;

энергетик (учаске, цех).

## 10-тарау. Металл балқымасынан металды электролит тәсілімен алу

36. Жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер:

Жұмысшылар:

алюминий өндірісіндегі анодшы;

қорғасын шандарын қайта өңдеудегі аппаратшы-гидрометаллург;

тиегіш жүргізушісі;

балқытылған металл, фторлы тұздар, құмсаз және хлорлау өнімдерін тасымалдаумен айналысатын электр және автоарба жүргізушісі;

металды ағызып-құюшы;

шикіқұрам, құмсаз, фторлы тұздар мен анод массаларын тиеумен және түсірумен айналысатын жүк тасушы;

электролитті ұсақтаумен айналысатын уақтаушы;

анод құюшы;

катодшы;

алюминий өндірісінде жұмыс істейтін түсті металлургия өнімін бақылаушы;

түсті металл құюшы;

хлорды қайта айдаумен айналысатын компрессор қондырғысының машинисі;

ыстық жұмыс учаскелерінде жұмыс істейтін кран машинисі (краншы);

диірмен машинисі;

қайта жүк тиегіш машинисі;

пневмокөлік машинисі;

таратып құю машинасының машинисі;

ыстық жұмыс учаскелерінде жұмыс істейтін тельфер машинисі;

электролиздерге қызмет көрсететін қадалық кран машинисі;

ванна жөндеудегі монтажшы;

металлургия жабдықтарын жөндеумен тұрақты айналысатын металлургия зауыты жабдықтарының монтажшысы;

балқытушы;

жұмыс істеп тұрған өндіріс учаскелерінде (жұмыс орындарында) орнатылған жабдықтарды жөндеумен айналысатын жұмысшы;

түсті металдар мен құймаларды таратып құюшы;  
қайшымен және преспен металл кесуші;  
арамен, қол арамен және станокта кесуші;  
металлургия өндірісінің қалдықтарын тиейтін және қоймаға қоятын ілмектеуші;  
ыстық жұмыс учаскелерінде жұмыс істейтін ілмектеуші;  
ыстық металды жеткізумен айналысатын тракторшы;  
тасымалдаушы;  
электрод массаларын қалыптаушы;  
ванна жөндеудегі футерші-шамотшы;  
хлораторшы;  
хлор өткізуші;  
шикіқұрамшы;  
электролит ванналарын шламдаушы;  
балқытылған тұздарды электролиздеуші;  
кезекші және жабдықты жөндеу жөніндегі электрослесарь (слесарь);  
электрослесарь-түйістіруші.

Қызметшілер:

Бөлімшелердің, учаскелердің, цехтардың қызметін бақылауды және оған басшылық етуді қамтамасыз ететін жұмыскерлер, оның ішінде:

шебер (аға);  
механик;  
технолог;  
электрик;  
электромеханик;  
энергетик (учаске, цех).

## **11-тарау. Фтор қышқылы және оның тұздары өндірісі**

37. Жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер:

Жұмысшылар:

абсорбция аппаратшысы;  
тұз өндірісі аппаратшысы;  
пісіру аппаратшысы;  
буландыру аппаратшысы;  
мөлшерлегіш аппаратшы;  
дымқыл сыныптама аппаратшысы;  
бейтараптандыру аппаратшысы;  
тұндыру аппаратшысы;  
газ тазалау аппаратшысы;  
күкірт қышқылды құмсаз әзірлеуші аппаратшы;

жіктеп бөлуші аппаратшы;  
кептіру аппаратшысы;  
сүзгіден өткізу аппаратшысы;  
центрифугалау аппаратшысы;  
аппаратшы-гидрометаллург;  
бакалетші (сіндіруші);  
бункерші;  
күйік тасымалындағы электр-автоарба жүргізушісі;  
үйіндідегі түсіруші;  
қорғаныс қабаты цехтарындағыдан басқа металл бұйымдарын гуммирлеуші;  
реагент мөлшерлеуші;  
уатушы;  
пешті тиеп-түсіруші;  
тиеп-түсіруші;  
қышқылға төзімдеуші-винипластшы;  
қышқылға төзімдеуші-гуммирлеуші;  
түсті металлургия өнімін бақылаушы;  
технологиялық пештің от жағушысы;  
химиялық талдау зертханашысы;  
таңба басушы;  
қазандық машинисі (от жағушы);  
желдету және аспирация қондырғыларының машинисі;  
ыстық жұмыс учаскелерінде жұмыс істейтін кран машинисі (краншы);  
диірмен машинисі;  
сорғы қондырғысының машинисі;  
күйдіруші;  
отқа төтеп беруші;  
тозаң, газ ұстаушы қондырғылардың операторы;  
дәнекерлеуші;  
престеуші;  
аспапшы;  
сынама алушы;

жұмыс істеп тұрған өндіріс учаскелеріндегі (жұмыс орындарындағы) қондырғы жабдықтарын жөндеумен айналысатын жұмысшы;

репульпаторшы;

бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматиканы, олар орнатылған жерлерде (жұмыс орында) тікелей қызмет көрсетумен және жөндеумен айналысатын бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика жөніндегі слесарь;

қышқыл таратып құюмен айналысатын құюшы-таратып құюшы;

ыстық жұмыс учаскелерінде жұмыс істейтін ілмектеуші;  
транспорткерші;  
тасымалдаушы;  
қышқыл мен фторлы тұздарды жабумен айналысатын буып-түюші;  
флотаторшы;  
негізгі жабдықтар және газжүргіштерді тазалаумен айналысатын тазалаушы.

Қызметшілер:

Бөлімшелердің, учаскелердің, цехтардың қызметін бақылауды және оған басшылық етуді қамтамасыз ететін жұмыскерлер, оның ішінде:

шебер (аға);  
механик;  
электрик;  
энергетик (учаске, цех).

## **12-тарау. Тұздар мен сілті ерітінділерінде металды электролит тәсілімен алу**

38. Жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер:

Жұмысшылар:

гипохлорит әзірлеумен айналысатын химиялық ерітінділер әзірлеу аппаратшысы;  
электролитті әзірлеу аппаратшысы;  
кептіру аппаратшысы;

күкірт қышқылы ерітінділерін дайындаумен және электролитикалық фольганы өндіру кезінде тосқауылдау арқылы өндірістік бөлімді тазалаумен айналысатын аппаратшы-гидрометаллург;

катодшы;  
қышқылға төзімдетуші-гуммирлеуші;

ыстық жұмыс учаскелерінде жұмыс істейтін түсті металлургия өнімдерін бақылаушы;

тиеу механизмдерінің машинисі;  
кран машинисі (краншы);  
диірмен машинисі;  
сорғы қондырғысының машинисі;  
ыстық жұмыс учаскелерінде жұмыс істейтін тельфер машинисі;  
матрица жаймаларын өңдеуші;  
балқытушы;

ыстық жұмыс учаскелерінде жұмыс істейтін сынама алушы;

жұмыс істеп тұрған өндіріс учаскелерінде (жұмыс орындарында) орнатылған жабдықтарды жөндеумен айналысатын жөндеу қызметтерінің жұмысшысы;  
ванналарды жөндеумен айналысатын жұмысшы;  
түсті металл мен құйманы таратып құюшы;

ыстық жұмыс учаскелерінде жұмыс істейтін ілмектеуші;  
катодты және анодты металл, шикізат, күл тиелген вагонеткаларды жеткізуде жұмыс істейтін тасымалдаушы;  
сүзгіші;  
ванна жөндеудегі футерші-шамотшы;  
цементаторшы;  
катод тазалаумен айналысатын өнім тазалаушы;  
шикізат пен скрап жуумен айналысатын электролит ванналарын шламдаушы;  
су ерітінділерін электролиздеуші;  
анодтар мен катодтарды дайындаумен айналысатын қолмен пісіретін электр дәнекерлеуші;  
электрослесарь-түйістіруші.  
Қызметшілер:  
Бөлімшелердің, учаскелердің, цехтардың қызметін бақылауды және оған басшылық етуді қамтамасыз ететін жұмыскерлер, оның ішінде:  
шебер (аға);  
учаске механигі;  
технолог;  
электрик;  
электромеханик;  
энергетик (учаске, цех).

### **13-тарау. Түсті металл ұнтақтары өндірісі**

39. Жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер:  
Жұмысшылар:  
металл ұнтақтары өндірісіндегі аппаратшы;  
мырыш ұнтақтары өндірісіндегі газогенераторшы;  
ыстық жұмыс учаскелерінде жұмыс істейтін түсті металлургия өнімдерін бақылаушы;  
мырыш тозаңы өндірісіндегі пешші;  
сынама алушы;  
ұнтақ өнімдерімен айналысатын буып-түюші;  
металлургиялық тәсілмен алынған тозаңдарды буып-түюмен айналысатын буып-түюші;  
карборунды бұйымдарды эзірлеудегі отқа төзімді бұйымдарды қалыптаушы;  
құймаларды фрезерлеуші;  
су ерітінділерін электролиздеуші.  
Қызметшілер:

Бөлімшелердің, учаскелердің, цехтардың қызметін бақылауды және оған басшылық етуді қамтамасыз ететін жұмыскерлер, оның ішінде:

- шебер (аға);
- механик;
- электрик;
- электромеханик;
- энергетик (учаске, цех).

#### **14-тарау. Анодтар мен вайербарстар алу**

40. Жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер:

Жұмысшылар:

шикіқұрам тиеуші;

ыстық жұмыс учаскелерінде жұмыс істейтін түсті металлургия өнімдерін бақылаушы;

түсті металл құюшы;

ыстық жұмыс учаскелерінде жұмыс істейтін кран машинисі (краншы);

таратып құю машинасының машинисі;

балқытушы;

жұмыс істеп тұрған өндіріс учаскелерінде (жұмыс орындарында) орнатылған жабдықтарды жөндеумен айналысатын жұмысшы;

түсті металл мен қорытпаларды таратып құюшы;

құймақалыпты майлаумен айналысатын майлаушы;

мыс пен шлакты іріктеумен айналысатын сұрыптаушы;

өнімді тазалаушы.

Қызметшілер:

Бөлімшелердің, учаскелердің, цехтардың қызметін бақылауды және оған басшылық етуді қамтамасыз ететін жұмыскерлер, оның ішінде:

шебер (аға);

механик;

технолог;

электрик;

электромеханик;

учаске энергетигі.

#### **15-тарау. Тозаң тұту және газ тазалау**

41. Жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер:

Жұмысшылар:

газогенераторшы;

ыстық жұмыс учаскелерінде жұмыс істейтін түсті металлургия өнімдерін бақылаушы;

желдеткіш аспирациялық қондырғы машинисі;

қайта жүк тиегіштер машинисі;

экстаустер машинисі;

тозаң тұту қондырғысына қызмет көрсету операторы;

сынама алушы;

жұмыс істеп тұрған өндіріс учаскелерінде (жұмыс орындарында) орнатылған жабдықтарды жөндеумен айналысатын жұмысшы;

пневмокөлікке қызмет көрсетумен айналысатын транспортерші;

металлургиялық тәсілмен алынған тозаңды буып-түюмен айналысатын буып-түюші

;

тозаң тұту қондырғыларын, пештерді, газ қалдықтары мен оттықтарды тазалаумен айналысатын тазалаушы.

Қызметшілер:

Бөлімшелердің, учаскелердің, цехтардың қызметін бақылауды және оған басшылық етуді қамтамасыз ететін жұмыскерлер, оның ішінде:

шебер (аға);

механик;

технолог;

электрик;

электромеханик;

учаске энергетигі.

## **16-тарау. Шламды қайта өңдеу**

42. Жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер:

Жұмысшылар:

титан және сирек кездесетін металл өндірісіндегі аппаратшы;

сілтілеу аппаратшысы;

еріту аппаратшысы;

сілтілеумен айналысатын аппаратшы-гидрометаллург;

күйдіруші;

балқытушы;

жұмыс істеп тұрған өндіріс учаскелерінде (жұмыс орындарында) орнатылған жабдықтарды жөндеумен айналысатын жұмысшы;

түсті металл мен қорытпаны таратып құюшы;

кептіруші;

шикіқұрам, металл және концентрат тасымалдаумен айналысатын тасымалдаушы;

сүзгіші;

шикіқұрамшы.

Қызметшілер:

Бөлімшелердің, учаскелердің, цехтардың қызметін бақылауды және оған басшылық етуді қамтамасыз ететін жұмыскерлер, оның ішінде:

шебер (аға).

### **17-тарау. Көмір тозаңын әзірлеу**

43. Жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер:

Жұмысшылар:

уатушы;

ыстық жұмыс учаскелерінде жұмыс істейтін түсті металлургия өнімдерін бақылаушы;

диірмен машинисі;

қоректендіргіш машинисі;

скрепер машинисі (скреперші);

экспаустер машинисі;

тозаң-газ тұту қондырғыларына қызмет көрсетумен айналысатын операторы;

сынама алушы;

майлаушы;

транспортёрші;

аппаратура тазалаумен айналысатын тазалаушы.

Қызметшілер:

Бөлімшелердің, учаскелердің, цехтардың қызметін бақылауды және оған басшылық етуді қамтамасыз ететін жұмыскерлер, оның ішінде:

шебер (аға);

механик.

### **18-тарау. Сирек кездесетін металдарды, кальцийді, магнийді, титанды және танталды металлургиялық және химия-металлургиялық тәсілмен алу**

44. Жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер:

Жұмысшылар:

шикіқұрамды күйежентектеумен айналысатын агломератшы;

барлық атаудағы аппаратшы;

тиегіш жүргізушісі;

электр және автоарбаны жүргізуші;

титан губкасын қағушы;

мөлшерлеуші;

тиеп-түсіруші;

ыстық жұмыс учаскелерінде жұмыс істейтін түсті металлургия өнімдерін бақылаушы;

технологиялық пештің от жағушысы;

брикет пресінің машинисі;

ауа бөлу қондырғысының машинисі;

компрессорлық қондырғының машинисі;

ыстық жұмыс учаскелерінде жұмыс істейтін кран машинисі (краншы);

диірмен машинисі;

елеу қондырғысының машинисі;

ыстық уческеде жұмыс істейтін тельфер машинисі;

пешті жөндеу жұмысындағы монтажшы;

реакциялық аппараттардың монтажшысы;

ыстық жұмыста жұмыс істейтін отқа төтеп беруші;

эпитаксиальдық құрылымдар өндірісінен басқа жартылай өткізгіш материалдарды жетілдірумен айналысатын прецизиондық кесу операторы;

иодидты рафинадтау пешшісі;

титан және сирек кездесетін металдарды қалпына келтірудегі және дистилляциялаудағы пешші;

термиялық әдіспен қалпына келтіретін пешші;

титан құрамды және сирек топырақты материалды өңдеу жөніндегі пешші;

үш қышқылды сүрме өндірісі пешшісі;

барий электролитін балқытушы;

электронды сәулемен балқытудағы балқытушы;

балқытушы;

эпитаксиальдық құрылымдар өндірісінен басқа жартылай өткізгіш материалдарды қоспалаумен айналысатын жартылай өткізгіш материалдардың шикіқұрамын дайындаушы;

сынама алушы;

қыздырушы;

титан губкасын бөлуші;

слесарь-жөндеуші;

қатты қорытпа бұйымдарын біріктіруші;

ыстық жұмыс учаскелеріндегі ілмектеуші;

кептіруші;

тасымалдаушы;

буып-түюші;

сүзгіші;

бүркуші;

хлораторшы;

центрифугалаушы;

шикіқұрамшы.

Қызметшілер:

Бөлімшелердің, учаскелердің, цехтардың қызметін бақылауды және оған басшылық етуді қамтамасыз ететін жұмыскерлер, оның ішінде:

шебер (аға);

механик;

технолог;

электрик;

электромеханик;

электр жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі электромонтер;

электр газбен дәнекерлеуші;

қолмен дәнекерлейтін электр дәнекерлеуші;

учаске энергетигі.

## **19-тарау. Түсті және бағалы металдарды өңдеу және қайта өңдеу**

45. Балқыту өндірісіндегі жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер:

Жұмысшылар:

құйма майларын қайнатушы;

электр және автоарба жүргізуші;

металл құюшы;

шойынқалыпшы-құрастырушы;

ыстық жұмыс учаскелерінде жұмыс істейтін түсті металлургия өнімдерін бақылаушы;

түсті металл құюшы;

ыстық жұмыс учаскелерінде жұмыс істейтін кран машинисі (краншы);

кварц пен магнезитті ұсақтаумен айналысатын диірмен машинисі;

шлак пен сорларды елеумен айналысатын елегіш қондырғы машинисі;

пеш жөндеу монтажшысы;

санитариялық-техникалық жабдық монтажшысы;

ыстық жұмыста істейтін отқа төтеп беруші;

балқытушы;

металл сынықтары мен қалдықтарын престоуші;

ыстық жұмыс учаскелерінде жұмыс істейтін сынама алушы;

түсті металдар мен қорытпаларды құюшы;

ыстық металл кесумен айналысатын металды қайшымен және преспен кесуші;

ыстық жұмыс учаскелерінде жұмыс істейтін ілмектеуші;

қолмен қалыптайтын қалыптаушы;

ыстық құймақалыптарды өңдеумен айналысатын құймақалып фрезерлеуші;  
ыстық құймақалыптарды өңдеумен айналысатын түсті металл жонушы;  
пештің айналасындағы шикіқұрамшы.

Қызметшілер:

Бөлімшелердің, учаскелердің, цехтардың қызметін бақылауды және оған басшылық етуді қамтамасыз ететін жұмыскерлер, оның ішінде:

шебер (аға);

механик;

электрик;

энергетик (учаске, цех).

46. Жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында азотқышқылды күміс, аффинаж өндірісінде, химиялық таза қымбат металдарды алу және оларды өңдеуде жұмыс істейтін жұмыскерлер:

Жұмысшылар:

қымбат металл өндірісі аппаратшысы;

қатты қорытпа мен баяу балқытын металл өндірісіндегі аппаратшы;

диірмен машинисі;

тозаң мен газды тосқауылдап ұстайтын қондырғы операторы;

түсті металды күйдіруші;

балқытушы;

азот қышқылды күміс және химиялық таза бағалы металдар өндірісіндегі жұмысшы

;

кептіруші;

жоғарғы жиілікті ток қондырғысындағы термист;

шикіқұрамшы;

су ерітіндісін электролиздеуші.

Қызметшілер:

Бөлімшелердің, учаскелердің, цехтардың қызметін бақылауды және оған басшылық етуді қамтамасыз ететін жұмыскерлер, оның ішінде:

механик.

47. Жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында мырыш шаңын және мырыш тотығын алуда жұмыс істейтін жұмыскерлер:

Жұмысшылар:

елеу қондырғыларының машинисі;

мырыш шаңын және мырыш тотығын ораумен айналысатын орап-салушы.

Қызметшілер:

Бөлімшелердің, учаскелердің, цехтардың қызметін бақылауды және оған басшылық етуді қамтамасыз ететін жұмыскерлер, оның ішінде:

шебер (аға);

механик.

48. Жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында илектеу өндірісінде жұмыс істейтін жұмыскерлер:

Жұмысшылар:

суық металл біліктеуші;

фольганы сырлаушы-каширлеуші;

ыстық жұмыс учаскелерінде жұмыс істейтін түсті металлургия өнімдерін бақылаушы;

технологиялық пештің от жағушысы;

кран машинисі (краншы);

түсті металды қыздырушы;

илектерді реттеумен айналысатын технологиялық жабдық реттеушісі;

түсті металды күйдіруші;

бумаларды қайта ораушы;

бұйымдарды жалатушы;

қолмен түзетуші;

ыстық металды түзетумен айналысатын машина түзетушісі;

металл қалдықтары мен сынықтарын престоуші;

қорғасынды престоумен айналысатын гидропресс престоушісі;

сынама алушы;

ыстық металл илектеуші;

ыстық металл кесуші;

ыстық металды кесумен айналысатын қайшы және престогі металл кесуші;

ыстық металды және қорғасынды кесумен айналысатын аралардағы, қол аралардағы және станоктардағы кесуші;

қорғасынды кесумен айналысатын салқын металды кесуші;

ілектеуші;

фольганы уыттаушы;

транспортерші;

бүркуші;

металл щеткасымен металл тазалаумен айналысатын өнім тазалаушы;

құрғақ ыспалаумен айналысатын ыспалаушы.

Қызметшілер:

Бөлімшелердің, учаскелердің, цехтардың қызметін бақылауды және оған басшылық етуді қамтамасыз ететін жұмыскерлер, оның ішінде:

шебер (аға);

механик;

электрик;

энергетик (учаске, цех).

49. Жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында құбыр-пресс, пресс және созу өндірісінде жұмыс істейтін жұмыскерлер:

Жұмысшылар:

сым созушы;

ыстық созумен айналысатын түсті металл созушы;

ыстық құбырларды қақтаудағы қаттаушы;

ыстық жұмыс учаскелерінде жұмыс істейтін түсті металлургия өнімдерін бақылаушы;

технологиялық пештің от жағушысы;

кран машинисі (краншы);

түсті металды қыздырушы;

суық штампылау жабдықтарын реттеуші;

ультрадыбысты қондырғы операторы;

түсті металл күйдіруші;

алмастар мен аса қатты материалдар талшықтарын ажарлаушы;

гидропрестегі пресші;

сынама алушы;

пішіндеуші;

ілектеуші;

ыстық илектеудегі құбыр илектеуші;

бүркуші;

түсті металл шабрлаушы;

алмастар мен аса қатты материалдарды ыспалаушы;

матрица мен жоғары бөліктердегі ыспалаудағы ыспалаушы;

эмульсия пісіруші.

Қызметшілер:

Бөлімшелердің, учаскелердің, цехтардың қызметін бақылауды және оған басшылық етуді қамтамасыз ететін жұмыскерлер, оның ішінде:

шебер (аға);

механик;

электрик;

энергетик (учаске, цех).

50. Жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында мырышты жылтыратумен айналысатын жұмыскерлер:

шебер (аға);

табақтар мен таспаларды жылтыратушы;

мырышты сүргілеумен айналысатын сүргілеуші;

салушы-ораушы;

ажарлаушы.

## 20-тарау. Қатты қорытпалар мен баяу балқитын металдар өндірісі

51. Жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер:

Жұмысшылар:

ұнтақтақтаумен және елеумен айналысатын металл ұнтақ өндірісіндегі аппаратшы;  
вольфрам, кобальт, хром, молибден, никель және күкіртті натрий тұздарының өндірісінде жұмыс істейтін қатты қорытпалар мен баяу балқитын металдар өндірісіндегі аппаратшы;

жасанды шеелит әзірлеуші аппаратшы;

карбидизациялау аппаратшысы;

қоспалар және ерітінділерді дайындаудағы аппаратшы;

молибден қалдықтарын тотықтандырудағы аппаратшы;

айыру аппаратшысы;

қалпына келтіру пештерінің аппаратшысы;

электролиз аппаратшысы;

вольфрам, кобальт, хром, молибден, никель және күкіртті натрий тұздарының өндірісімен айналысатын аппаратшы-гидрометаллург;

шпур бұрғылаушы;

суық металл біліктеуші;

жарушы;

ыстық созумен (қатты созу) айналысатын түсті металдарды созушы;

мөлшерлеуші;

уатушы;

ыстық жұмыс учаскеде жұмыс істейтін түсті металлургия өнімдерінің бақылаушысы;

ротация машинасындағы ұста-штампылаушы;

ыстық жұмыс учаскеде жұмыс істейтін кран машинисі (краншы);

диірмен машинисі;

елеу қондырғысының машинисі;

күйдіруші;

қатты қорытпа бұйымдарын өңдеуші;

электронды-сәулелі балқыма балқытушы;

балқытушы;

алмастар мен аса қатты материал талшықтарын ажарлатушы;

қатты қорытпаны престоуші;

сынама алушы;

қыздырушы;

ыстық металды илектеуші;

сіңіруші;

механикалық елеуіштерде ұнтақтарды елеуші;  
баяу балқитын металл бұйымдарын дәнекерлеуші;  
қатты қорытпаларды бұйымдарды жымдастырушы;  
дайын бұйымдарды кептіретін кептіруші;  
ұнтақтар мен қоспаларды кептіруші;  
машинамен қалып жасайтын қалыпшы;  
қолмен қалып жасайтын қалыпшы;  
центрифугалаушы;  
шикіқұрамдаушы;  
алмастар мен аса қатты материалдарды ажарлаушы;  
қатты қорытпалар мен баяу балқитын металдарды ажарлаушы;  
штампылаушы;  
су ерітінділерін электролиздеуші;  
балқытылған тұздарды электролиздеуші.

Қызметшілер:

Бөлімшелердің, учаскелердің, цехтардың қызметін бақылауды және оған басшылық етуді қамтамасыз ететін жұмыскерлер, оның ішінде:

шебер (аға);  
механик;  
электрик;  
энергетик (учаске, цех).

**21-тарау. Сынап, қарапайым күкірт, ксантогенат, күшәла, хром тұздары, күкіртті натрий, аммоний молибдаты, сталинит, олардың қоспалары өндірісі. Алтын, күміс, платина, платина тобындағы металдар аффинажы, сондай-ақ бағалы металдар өндірісі**

52. Жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер:

Жұмысшылар:

бағалы металдар өндірісіндегі аппаратшы;  
жарушы;  
оқшаулаушы-үлдірлеуші;  
түсті металлургия өнімдерін бақылаушы;  
матрицалық табактарды өңдеуші;  
балқытушы;  
көмекші жұмысшы;

сынамалық, талдау, спектралдық, зерттеу, бақылау-өлшеу және басқа зертханалардағы қызметкер;

тұрмыстық комбинаттар, үй-жайлар, жуыну бөлмесінің жұмысшысы;  
арнайы киімдерді қабылдаудағы, кептірудегі, жуудағы және жөндеудегі жұмысшы;

технологиялық процестерде және жабдықтарды жөндеуде жұмыс істейтін жұмысшы;

өндірістік ерітінділер мен ағынды суларды өңдеумен, шикізатты, қышқылдарды, жартылай дайын өнімдерді, дайын өнімдерді тасымалдаумен, шикізатты, қышқылдарды, жартылай өнімдер мен дайын өнімдерді орап салумен айналысатын жұмысшы;

көрсетілген өндірістерде қызмет көрсетумен айналысатын жұмысшы;

шикізат, жартылай дайын өнімдер, дайын өнімдер мен қалдықтарды сынамалау және өңдеумен, әперу және қабылдаумен айналысатын жұмысшы;

техникалық көміртегі өндірісінде жұмыс істейтін жұмысшы;

өнімді тазалаушы;

су ерітінділерін электролиздеуші.

Қызметшілер:

Бөлімшелердің, учаскелердің, цехтардың қызметін бақылауды және оған басшылық етуді қамтамасыз ететін жұмыскерлер, оның ішінде:

шебер (аға);

механик;

электрик;

энергетик (учаске, цех).

## **22-тарау. Жұмыс аймағының ауасында қауіптілігі 3-сыныптан төмен емес зиянды заттар болған кезде ұнтақ металлургиясы әдісімен бұйымдар өндіру**

53. Жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер:

Жұмысшылар:

катодшы;

конвертерші;

елеу қондырғыларының машинисі;

ұста-пресс жабдықтарын баптаушы;

электр машиналарды ораушы;

қорғасынды дәнекерлеуші (қорғасын дәнекерлеуші);

темір ұнтақтарды күйдіру пешшісі;

барлық атаулардағы престеуші;

сіңіруші;

ұнтақтарды елеуші;

араластырушы;

жымдастырушы;

транспортерші;

шикізат құрамындаушы.

Қызметшілер:

Бөлімшелердің, учаскелердің, цехтардың қызметін бақылауды және оған басшылық етуді қамтамасыз ететін жұмыскерлер, оның ішінде:

жабдықты жөндеу жөніндегі шебер (аға);  
механик;  
байыту технологі.

## **5-бөлім. Металл өңдеу**

### **1-тарау. Құю өндірісі**

54. Жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер:

Жұмысшылар:

арматурашы;

шойын балқытушы;

ыстық илек орнағының біліктеушісі;

құю майларын қайнатушы;

шикіқұрам ауласындағы жарушы;

автомобиль жүргізушісі, оның ішінде арнайы (өрт сөндіретіннен басқа);

сұйық металды тасымалдайтын жүк тиегішті жүргізуші;

құюшы;

резеңке қоспаларды ыстықтай вулканизациялайтын вулканизаторшы;

құйманы түсіруші;

газ шаруашылығымен айналысатын газшы;

прибыльдер мен летниктерді ыстық күйінде кесу жұмыстарын орындайтын газ кесуші;

гальваншы;

шахта пештерінің көрікшісі;

доломитті ұсақтаумен және күйдірумен айналысатын уатушы;

шойын балқытқышта және пештерде шікіқұрам құлатушы;

металл мен қорытпаларды машиналарда қысым астында құятын құюшы;

металл құюшы;

қайрақшы;

жер өңдеуші;

құйылған каркастарды әзірлейтін каркас дайындаушы;

шөмішші;

шойын қалып жинаушы-құрастырушы;

балқыту учаскесінде металды құю (бөліп құю), құйманы шабу және қағумен айналысатын құю өндірісін бақылаушы;

қара металдар өндірісін бақылаушы;

коперші;

балқыту пештерінің жанындағы технологиялық пештердің от жағушысы;  
ортадан тепкіш машиналарда ортадан тепкіш-вакуумдік және вакуумдік құюмен айналысатын құюшы;

металл және қорытпа құюшы;

қысыммен құю машиналарындағы құюшы;

ыстық тәсілмен қалайылаушы;

май қайнатушы;

құлату машинасының машинисі;

шикіқұрам ауласында шабу және тазалау, қалыптау, өзектеу, жер дайындау бөлімшелерінде жұмыс істейтін кран машинисі (краншы);

ыстық учаскелерде жұмыс істейтін кран машинисі;

магнетитті ұнтақтаумен айналысатын диірмен машинисі;

миксерші;

балқытылатын үлгілерді үлгілеуші;

қара майды жағумен, себумен және кептірумен айналысатын эпоксид қара майын үлгілеу жөніндегі үлгіші;

балқыту пештерінің жанындағы санитариялық-техникалық жабдықтардың монтажшысы;

стопорларды теруші;

металды қыздырушы;

егеуші;

құйылған құю машиналардың автоматтық ағын желілерін және машиналарда қысым астында қысым-қалыптарын реттеумен айналысатын құю машиналарының реттеушісі;

күйдіруші;

шөміштерді майлаушы;

металл бетіндегі ақауларды өңдеуші;

шабушы;

шөміштер мен пештерді ыстық күйінде жөндейтін отқа төтеп беруші;

автоматтар және автомат желілерінде операторшы-құюшы;

фасонды құймаларды егеуші;

металл күкірт ұнтағымен қалыптарды тозандатушы;

балауыз, головакс балқытушы;

металдар мен қорытпаларды балқытушы;

фурмдарға қызмет көрсететін балқытушы;

болат құю арналарын дайындаушы;

металды отырғызушы;

құм елеуші;

сынауда сынама қондырғыларында авиациялық қозғалтқыштарды және табиғи құбырларды сынайтын қызметкер;

нысандарға фторлы тұнбалар бүркумен айналысатын жұмысшы;

прецизионды құйма жұмысшысы;

шикіқұрам ауласында металды бөлетін жұмысшы;

шикіқұрамды тасымалдаумен айналысатын жұмысшы;

болат құюшы;

қалып құрастырушы;

фторлы тұнбалар құрастырушы;

вакуумды пештердің болат қорытушысы және оның көмекшісі;

пештен тыс болатты өңдеу қондырғысының болат қорытушысы және оның көмекшісі;

электр пешінің болат қорытушы және оның көмекшісі;

машинамен қалыптаудың өзекшісі;

қолмен қалыптаудың өзекшісі;

шабу, қалыптау, өзектеу бөлімдерінде және қаққылау алаңдарындағы ілмектеуші;

опоктан жүктерді түсіретін ілмектеуші;

опоктан қалыптау материалдарын және өзектерді, қалыптарды кептіруші;

конвейерде ыстық топырақты тасымалдайтын транспортерші;

балқыту пештерінің қасында конвейерлерге қызмет көрсететін транспортерші;

шабу, қалыптау, өзектеу және қаққылау учаскелерінде жұмыс істейтін құю өндірісінің тасымалдаушысы;

құю цехтарында жинаушы;

қалыптаушы;

бүркуші;

металдарды, құймаларды, бұйымдарды және бөлшектерді тазалаушы;

шикіқұрам аулаларында жұмыс істейтін шикіқұрамшы;

металды қатарлап үюші.

Қызметшілер:

қорғасын мырышты, қорғасын штамптарды және бұйымдарды дайындаумен және өңдеумен айналысатын учаске шебері (аға);

турбинасының айналым саны минутына 17 мың айналым және одан да көп және қуаты 800 ат күшіне тең үрлегіші бар газ турбиналық дизель-генераторларды және кеме мен тепловоз дизельдерін және турбореактивті кеме қозғалтқыштарын сынаумен айналысатын шебер;

қолмен қағып соғу шебері.

## **6-бөлім. Химия өндірісі**

## **1-тарау. Төменде аталған өндірістер мен жұмыстарда өнеркәсіптің химия және мұнай-химия салалары кәсіпорындарында жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер**

55. Белсендірілген көмір; алюмогель; аэрогель; альдегидтер және олардың туындылары; аминдер, олардың қоспалары; аммиак (газ шикізатын қоса алғанда); белсендірілген пиролюзит; асбовенил; ақ күйе, бром, оның қосындылары; ванадийлі және сүрмелі қосындылар; алыну тәсіліне байланысты емес күкірт құймалары; этиленнің галоидотуындылары, олардың полимерлері мен сополимерлері; гератоль; гопкалит; графит-коллидты дәрі-дәрмектер; гуанидиндер және оның туындылары; марганецтің қос тотығы; детергенттер; диметилсульфат; дисульфуратор; дипроксид; ингибиторлар; ионауыспалы қарамайлар мен соларға арналған жартылай дайын өнімдер; йод, оның қоспалары; каустикалық сода; капролактама; камфоралар; кальций карбиді; карбюраторлар; катализаторлар; кетондар, оның туындылары; коагулянт; креолин; органикалық еріткіштер қолданылатын лакбояу өнімдері; лактар мен олардың қосындылары; меркаптандар; металды натрий, калий, олардың қышқылдары; химиялық тәсілмен алынған металл ұнтақтары; минералдық және органикалық қышқылдар, олардың қосындылары, туындылары оның ішінде регенерациялар, денитрациялар және концентрациялар; минералдық тұздар; минералды тыңайтқыштар; мипоросепараторлар; несепнәрлер; күшәла және оның тұздары; өнбейтін құрамдар және оның токсиндері; нитроқоспалар; некаль, тиокол, күшәла, апатито-нефелинді, күкіртті кендерді байыту; органикалық және органикалық емес реактивтер; тотық және асқын тотық, гидроасқын тотықтар мен олардың қосындылары; этилен мен оның негізіндегі өнімдердің тотықтары; органикалық майлы, хош иісті және гетероциклды шикізат негізінде синтезделетін органикалық өнімдер, соның ішінде бояулар, дақтар мен лактарды синтездеу өнімдері; оссеин; мұнай көмірсутегі пиролизы; тазалау, компримирлеу, пирогаз бөліну, газ крекингі, табиғи газ; пластификаторлар; негізі бар пласмассалартар; фенолдар, крезолдар, ксиленолдар, резорциндер, фенол қосындылары, меламина, анилин, фурфурол, тионесепнәрі, изоцианаттар, полиамидтер, полиуретандар, полиэфир қарамайы, жай және күрделі эфирлер целлюлозасы; үздіксіз және штапельды шыныталшықтары (жылу өткізбейтін шыныталшықтарын қоспағанда), сондай-ақ оның және шыныпластик өнімдері; полидиен; поливинилпирролидон; акрилды және метакрилды қышқылдар және олардың туындыларының полимерлері мен сополимерлері; қарапайым винил эфирінің полимерлері; полиэтилентерефтолатты, бутадиенді, полиизобутиленді, изопренді, латексті, үлдірлі және олардың басқа негіздегі материалдар; полифосфаттар; поликарбонат үлдірлері; поропластар; порофор; қысым материалдары; бензол, бензоил, нафталин, олардың гомолок туындылары; қарапайым, күрделі эфирлер; сынап аспаптары мен дәрі-дәрмектері; резеңке, резеңкетехникалық және дөңгелек цехтары; резеңкеге арналған желім даярлау, шикізат

дайындау, вулканизациялау, әзірлеу; жарық құрамдар; қорғасын, сынап, хром, олардың қышқылдары, қосындыларының өнімдері; селен, теллур, селенді, мысты, цинкті қосындылар; күкіртті көміртегі; силикогель; синтетикалық каучук; синтетикалық витаминдер (химия-фармацевтика саласы үшін).

56. Синтетикалық бояулар, дақтар, олардың ұнтағы, кептіру; синтетикалық қарамай, лактар; барий, титан қосындылары; спирттер, олардың туындылары; стирол, оның туындылары; полимерлер, сополимерлер; сульфокөмір; сцинтиляциялық материалдар; жылусезгіш бояулар, қарындаштар; техникалық, жем-азықтық фосфаттар; техникалық көміртегі, оның негізіндегі материалдар; көмірсутегілер, оның қосындылары; уротропин; фенол, оның қосындылары; ферромагнитті, пеногенераторлы ұнтағы, флотореагенттер; формагликоль; фосфор, фосфор қышқылы, оның туындылары; барлық, сыныптағы фриондар; фригидтер; фтор, оның қосындылары; фторхлорлы органикалық қосындылар; химикаттар: резеңке үшін, каучук, ауыл шаруашылығы, бау-бақша шаруашылығы, медициналық препараттар, бензиндер, шаңмен күресу үшін жағар, трансформатор майлары, флотореагенттер, пластикалық массалар, жасанды талшықтар, түрлі- түсті, қара-ақ кинофотоүлдірлер қағаздары, кинофотоөнеркәсібіне арналған қағаздар, өсімдіктерді қорғауға арналған химиялық құралдары, уландыратын, қорқытатын құралдар, солардың негізіндегі дәрі-дәрмектер; химиялық сорғыштар, хлор, оның қосындылары; хлорвинил, оның полимерлері, сополимерлері; целлозольфтері; цианисті, роданисті қосындылар; ционадтар, диизоционаттар, олардың туындылары; экстралин; элементорганикалық қосындылар; эмальдары, бағалы металдардан, препараттар; майлы қосындылар эмульсиялары, олардың жұмсартушылары; этил сұйығы; улы химикаттар.

57. Асфальт, пісіру материалдары, асфальтпісіру массалары және оның бұйымдары; битум және битум материалдары; өнеркәсіптің тоқыма және басқа салаларына арналған қосалқы заттар; глинозем, декоративті, эмульсиялық, ұнтақталған, көркемдік, керамикалық, құрғақ сырлар, табиғи олифа сыры; иодбромды су (шығару және әзірлеу); полиэтиленнен жасалған бұйымдар, полиэтилен негізіндегі композициялар және олардан жасалған бұйымдар; фторхлорорганикалық құрам негізіндегі полимерлер және сополимерлерден жасалған бұйымдар; ыстық тәсілмен жасалған бұйымдар: пластикалық массадан, пластмасса, винипласт, полихлорвинилді пластикат негізіндегі композициялық материалдардан, фенолды және карбамидті пластикаттар, полиамидтер негізіндегі пластмассалар, полиметакрилді құрамалар, стирол және оның сополимерлері, органикалық әйнектен жасалған бұйымдар; ашудастар; синтетикалық корунд; минералды толтырғыштар; орағыш бұйымдар; акрилді және метакрилді құрама негізіндегі пластикалық массалар; пластикалық былғары мен талшықты негіздегі жасанды былғарылар, жасанды қозыелтірі: талшықты химиялық дайындау бөлімшесі; табиғи және тұнбалы сода (өндіру); маталарды сіңдіру және өңдеу, табиғи сульфат және тенардит өндіру; резеңкелік, техникалық және дөңгелектік резеңке:

1. Цехтарда (учаскелерде): каландрлық, жинақтаушы, тармақтық, тасымалдауыш таспалар, қайыстар, автокамералық, қалыптық және қалыптық емес техника (резеңкелік қалыптық және қалыптық емес бөлшектерді өңдеуді қоспағанда), резеңкелік аяқ киім (сұрыптау және буып-орау учаскелерін қоспағанда), пішіп-жағу, малу бұйымдары, эбонит және одан жасалған бұйымдар, ауамен жүзу және инженерлік мүлік, кеуек бұйымдар, химиялық қорғану құралдары, резеңкеленген маталар, жабық ыдыстар мен химиялық аппаратураларды, біліктерді және басқа заттарды, регенерат (ескі резеңке учаскелерді мен дайындау цехтарын қоспағанда) гуммирлеу, гуттаперча.

2. Учаскелерде: даярлау, шикізат дайындау, вулканизациялау, резеңке үшін желім әзірлеу; кизельгур тарту, кептіру; аяқ киім мен резеңке техникалық бұйымдардың резеңкелік бөлшектері; қорғасынды туба; күкіртті темір; қаттама пластиктер; қышқылдар мен рапалар тұздықтары; текстолит; полихлорвинилді, көксағыз, майлы және нитроқаптамалы техникалық және күртелік маталарға, мата даярлау, тоқылмаған негіз, трикотаж және басқа төсемелердің түрлерін; барлық тәсілмен алынған көмір қышқылдарын, целлулоидты жұмыстарын қоспағанда.

58. "Жерасты және ашық кен жұмыстарындағы, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстардағы өндірістердің, жұмыстардың, кәсіптердің, лауазымдар мен көрсеткіштердің № 1 Тізімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 желтоқсандағы № 1930 қаулысымен бекітілген (бұдан әрі – № 1 тізім) № 1 тізімде тізбектелген барлық өндірістердің қатты, сұйық және газ тәрізді қалдықтарын қайта өңдеу және қайта пайдалану цехтарында (бөлімшелерінде, учаскелерінде) күмісқұрамдас қалдықтары бар кинофотоматериалдарды регенерациялаудағы ерітінділерді рекуперациялау және ректификациялау; газгенераторлы цехтар мен технологиялық мақсаттағы станциялардағы жұмыстарда; № 1 тізімде санамаланған зиянды химиялық өнімдерден қайтарылатын ыдыстарды өңдеу мен жуу, цистерналарды, сыйымды ыдыстарды және химиялық аспаптарды тазалауда; өнеркәсіптік ағынды суды бейтараптандыру және тазалау, зиянды булар мен газдарды зиянсыздандыруда.

59. № 1 тізімде тізбектелген химиялық өнімдердің қағазбен қапталған (полиэтиленді) қаптарын уатуда, кептіруде, ауыстыруда, ерітуде, әзірлеуде, өлшеп-орауда, құюда, ыдысқа салуда, тиеуде, үйінділеп босатуда; жабық ыдыстар мен мұржақұбырларды гуммирлеуде; бензинді рекуперациялауда; № 1 тізімде санамаланған хлорлы баллондарды және өзге де зиянды химиялық өнімдерден босаған баллондарды жөндеуде, эвакуациялауда, сынақтан өткізуде.

60. № 1 тізімде және "Еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстардағы өндірістердің, жұмыстардың, кәсіптердің, лауазымдар мен көрсеткіштердің № 2 Тізімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 желтоқсандағы № 1930 қаулысымен бекітілген № 2 тізімде (бұдан әрі – № 2 тізім) санамаланған бақылау-өлшеу құралдары мен химиялық өндірістердің желдеткіштерін, № 2 тізімде

тізбектелген өндірістердің технологиялық және электр құрал-жабдықтарын жөндейтін, алдын алу шараларын жүргізетін жұмысшы мен шебер, аға шебер, механик пен энергетик; кәсіпорындардың биік ғимараттарын жөндеу жұмыстарын арқанды тәсілмен жүргізетін жұмысшылар:

Жұмысшылар:

агломератшы;

дезактиваторшы;

оқшаулаушы;

қазаншы;

улы заттармен зарарсыздандырылған арнайы киімді жуумен айналысатын арнайы киім жуу және жөндеу жөніндегі машинисі;

құю станцияларының операторы;

технологиялық қондырғылар операторы;

тауар операторы;

сүзгіқысымшы;

тазалаушы.

Қызметшілер:

әскерилендірілген және басқа да газдан құтқару бөлімшелеріндегі газгенераторлы, аммиак-тоңазытқыш және сынапты-түзегіш қондырғыларының қызметкері;

өндірістер мен цехтар зертханаларының қызметкері;

жоғарыда санамаланған өндірістерде жұмыс істейтін техникалық бақылау бөлімінің қызметкері;

коррозияға қарсы құрамдар мен қаптау цехтарының, бөлімшелерінің, учаскелерінің қызметкері;

арнайы химиялық заттар зертханаларында және арнайы өндірістерде (цистерналарды, сыйымды ыдыстарды тазалау, жуу, улы заттардан босаған және арнайы өндірістік ыдыстарды жөндеу және өңдеуді қоса алғанда) істейтін қызметкер;

қорғаушы бүркенгіштерді қаптағанда ауаны бақылайтын қызметкер;

баллондар мен контейнерлерге хлор толтыратын, сондай-ақ хлор өндірісіндегі хлорды құятын қызметкер;

технологиялық жабдықтарға және электр жабдықтарына (желдеткіштер мен бақылау-өлшеу құралдарынан басқасы), коммуникацияларға, жоғарыда көрсетілген өндірістер мен бөлімшелерді өндірістік кәріздер мен тоннельдерді газсыздандыруға қызмет көрсетудің алдын алумен, жөндеумен жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында айналысатын цехтың жұмысшысы, шебері (аға шебері), механигі және энергетигі;

ронгалит және сульфурленген май өнімдерін өндіруде жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер;

резеңке, резеңке техникалық және дөңгелек өндірісіндегі, даярлау учаскелерінде шикізат дайындау, вулканизациялау, резеңке үшін желім дайындауда жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер.

**2-тарау. Өнімдер өндірісі: бейорганикалық химия, тыңайтқыштар, полимерлер, пластикалық массалар (композициялық материалдарды, шыныпластиктер мен полеуританды, соның ішіне бүрку әдісін қосқанда), каучуктер, лакбояулар, тұрмыстық химия, органикалық синтез, синтетикалық бояулар, мұнай-химиялық, резеңкетехникалық және асбестік, химиялық реактивтер, жекелеген цехтарда, бөлімшелерде, учаскелерде тазалығы жоғары заттар, қондырғылардың жұмыс аймағының ауасында қауіптілігі 1 және 2-сыныптық зиянды заттар, сондай-ақ канцерогендер өндірісі**

61. Технологиялық процесте жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында істейтін жұмыскерлер:

Жұмысшылар:

дезактиваторшы;

оқшаулаушы;

техникалық бақылау бөлімінің бақылаушысы;

шатыршы;

технологиялық қондырғылар операторы;

тауар операторы;

бақылау-өлшеу құралдарына және автоматикаға қызмет көрсететін аспапшы;

аталған өндірістердегі технологиялық жабдықтарын және электр жабдықтарын жөндейтін және қызмет көрсететін жұмысшы мен шебер;

төмендегі цехтардағы, учаскелердегі және бөлімшелердегі дайындау (әзірлеу), тоқыма, иіру, тоқу, құралдау, баспасуреттеу, автотракторлар бөлшектері, автоқалыпталған бөлшектер, спираль тәріздес оралған төсемдер, картон және сүзгілер, паранит, вальцтаспалар (эластикалық материал), сынақ-тәжірибелі, өнеркәсіптік техниканың, бақылау-өлшеу құралдарының және автоматика мен коммуникациялардың профилактикасымен, жөндеумен және оларға қызмет көрсетумен айналысатын жұмысшы:

сүзгіпрестеуші;

тазалаушы.

Қызметшілер:

жабдықтарды (бақылау-өлшеу құралдарынан және желдеткіштен басқасын) жөндейтін шебер (аға);

жоғарыда көрсетілген цехтарда, учаскелерде және бөлімшелерде жұмыс істейтін энергетик.

**3-тарау. Жарылғыш, бастамашы заттар, оқ-дәрілер мен ату жарақтарының өндірісі**

62. Күкіртті, азот қышқылдары, олардың тұздарының, күшті азот қышқылы негізіндегі сұйық ракета отындарының тотықтырғыштары, селен, өңделген қышқылдардың денитрациясы мен концентрациясы, жарылғыш заттар мен оқ-дәрі өндірісіндегі қышқылдарды рекуперациялау өндірісі:

аталған өнімдерді өндіру мен өңдеу кезіндегі технологиялық процесте және жөндеуде жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер.

63. Жарылғыш заттарды, өнеркәсіптік жарылғыш заттарды қоса алғанда өңдеу мен жасау:

жаңа жарылғыш заттарды, сондай-ақ жарылғыш заттардың барлық түрін өндірісте өндіру мен өңдеу кезіндегі технологиялық процесте және жөндеуде жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер.

64. Оқ-дәрілердің, қатты отын зарядтарының, газсыз және аз газды пиротехникалық құрамдардың, от қоспаларының, от жеткізуші және тұтату пілтесінің, зарядтардың, жанғыш гильзалардың, күшті азот қышқылы негізіндегі сұйық ракета отынының тотықтырғыштарын, сондай-ақ олардың негізіндегі жартылай фабрикаттар мен композициялардың жаңа түрлерін әзірлеу мен барлық түрлерін өндіру:

аталған өнімдерді (тұтанғыштар үшін металл қабықша әзірлеумен айналысатын жұмыскерлерді қоспағанда) өндіру мен өңдеу кезіндегі технологиялық процесте және жөндеуде жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер.

65. Мақта целлюлозасын, пироксилин және коллоксилин өндіру:

1) коллоксилин өндірісінің технологиялық процесіндегі линтті ағартатын, кептіретін, жуатын, суларды бейтараптандыратын және суды жұмсартқыш ерітінділерді әзірлейтін жұмысшылардан басқалары, жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер.

2) пироксилин, гипохлорид ерітіндісін әзірлеуде, жуу, ағарту және кептірудегі өндіру мен өңдеу кезіндегі технологиялық процесте және жөндеуде жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер.

66. Күкірт айдау және күкірт балқыту өндірісі:

аталған өндірістегі технологиялық процесте және жөндеуде жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер.

67. Эфир, коллодий өндірісі, ерітінділерді рекуперациялау және ректификациялау:

аталған өндірістегі технологиялық процесте және жөндеуде жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыскерлер.

68. Барлық әскери жабдықтарды, әскери бөлшектерді, қатты отынмен жабдықталған ракета қозғалтқыштарын, пиротехникалық бұйымдарды, жарылуға түрткі болатын құралдарды 63 және 64-тармақтарда көрсетілген өнімдері бар басқа да құрастырушыларды жинау, бөлшектеу, жабдықтау, қайта жабдықтау және жөндеу.

69. Ракеталарды, әскери жабдықтарды және қатты отынмен, оқ дәрімен, жарылғыш заттармен және пиротехникалық құралдармен жабдықталған олардың элементтерін кәдеге жарату және жою:

1) жаңа жарылғыш заттарды, сондай-ақ жарылғыш заттардың барлық түрін өндірісте өндіру мен өндеу кезіндегі технологиялық процесте және жөндеуде жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер;

2) ракеталарды, әскери жабдықтарды және олардың қатты отынмен, оқ дәрімен, жарылғыш заттармен және пиротехникалық құралдармен жабдықталған элементтерін кәдеге жарататын және жоятын жұмыскерлер.

70. Метол, селективтік ерітінді, натрий және аммоний динитрокрезоляторы өндірісі: аталған өндірістегі технологиялық процесте және жөндеуде жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер.

71. Оқ-дәрілердің барлық түрлерін, ракеталардың жойғыш бөліктерін, снарядталған (оқ-дәрілі, реактивті сұйық, қатты отынды) ракеталық қозғалтқыштарды, олардың агрегаттарын, ракеталардың қозғалтқыш қондырғыларын және блоктарын, пиротехникалық бұйымдарды, бастамашы құралдарды және басқа да жинақтаушыларды, сондай-ақ осы кіші бөліктің 63 және 64-тармақтарда көрсетілген өнімдерді сынақтан өткізу:

полигондарда, сынақ станцияларында және стенділерде сынақтарға дайындалатын және оларды өткізетін жұмыскерлер.

#### **4-тарау. Фосфор, термиялық фосфор қышқылы, оның туындыларының өндірісі**

72. Фосфор, термиялық фосфор қышқылы өндірісіндегі бақылау-өлшеу құралдарын және автоматика мен коммуникацияларды жөндейтін, алдын алатын және қызмет көрсететін жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер:

Жұмысшылар:

агломератшы;

барлық аталымдағы аппаратшы;

автотиегіш жүргізушісі;

жүкші-жүк түсіруші;

уатушы;

кәбілші-дәнекерші;

шикізаттың, өнімнің сапасын және өндіріс қалдықтарын бақылаушы;

қазаншы;

бульдозер машинисі;

конвейер машинисі;

кран машинисі;

сорғы қондырғысының машинисі;

тиегіш машина машинисі;

экспаустер машинисі;  
экскаватор машинисі;  
санитариялық-техникалық жабдық монтажшысы;  
пісіру және газды жабдықтарды жөндеуші;  
кір жуатын орын операторы;  
электротехникалық бұйымдарды сіндіруші;  
механизм жинайтын жұмыстар слесарі;  
тракторшы;  
шикікұрамшы;

телефондық байланыс, телекоммуникация құрылымдары мен оның желілеріне қызмет көрсететін және жөндейтін электромонтері;  
электромашиналардың оқшауларын және орамдарын жөндейтін электромонтері;  
электромашиналарға қызмет көрсететін және жөндеу жөніндегі электрослесарь.

Қызметшілер:

Бөлімшелердің, учаскелердің, цехтардың қызметін бақылауды және оған басшылық етуді қамтамасыз ететін жұмыскерлер, оның ішінде:

шебер (аға);  
механик;  
технолог.

## **5-тарау. Экстракциялық қышқыл және оның негізінде минералдық тыңайтқыштар өндірісі**

73. Бұл өндірісте жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында істейтін жұмыскерлер:

Жұмысшылар:

буландыру аппаратшысы;  
бейтараптандыру аппаратшысы;  
шикізатты дайындау, жартылай дайындалған өнімді және дайын өнімді жіберу аппаратшысы;  
жіктеу аппаратшысы;  
себу аппаратшысы;  
кептіру аппаратшы;  
бункерші;  
термооқшаулаудағы оқшаулаушы;  
қышқылға төзімдетуші гуммирлеуші;  
компрессорлық қондырғылардың машинисі;  
сорғы қондырғысының машинисі;  
химия және мұнай-химия өнеркәсібі жабдықтарының монтажшысы;  
отқа төтеп беруші;  
кір жуатын орын операторы;

экстракциялық фосфор қышқылы және минералдық тыңайтқыштар өндірісіндегі бақылау-өлшеу құралдарына және автоматика және коммуникацияларды жөндейтін, алдын алатын және қызмет көрсететін жұмысшы;

қорғасын дәнекерлеуші;

авариялық-қалпына келтіру жұмыстары слесарі;

футерлеуші (қышқылға төтеп беруші);

телекоммуникация құрылымдары және телефондық байланыс желілерін қызмет көрсететін және жөндейтін электромонтер;

электромашиналардың орамдарымен оқшаулануын жөндейтін электромонтер.

Қызметшілер:

Бөлімшелердің, учаскелердің, цехтардың қызметін бақылауды және оған басшылық етуді қамтамасыз ететін жұмыскерлер, оның ішінде:

шебер (аға);

механик;

технолог.

#### **6-тарау. Жемшөп фторсыздандырылған фосфат өндірісі**

74. Бұл өндірісте жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер:

Жұмысшылар:

абсорбция аппаратшысы;

түйіршектеу аппаратшысы;

күйдіру аппаратшысы;

шикізатты дайындау, жартылай дайындалған өнімді және дайын өнімді жіберу аппаратшысы;

казандық машинисі;

диірмен машинисі;

сорғы қондырғысының машинисі;

қайта жүктелгіш машинисі;

сутегі алу жұмыстарында және вакуумдеу жұмыстарында, бұйымдарды күйдіру және эмальдаудағы жұмыскерлер;

технологиялық және электр жабдықтарына жөндейтін, алдын алатын және қызмет көрсететін жұмысшы;

технологиялық жабдықты жөндейтін және қызмет көрсететін слесарь.

Қызметшілер:

Бөлімшелердің, учаскелердің, цехтардың қызметін бақылауды және оған басшылық етуді қамтамасыз ететін жұмыскерлер, оның ішінде:

шебер (аға);

механик;

технолог.

## **7-тарау. Карбоксиметилцеллюлоза, бризол және релин өндірісі**

75. Целлулоид және одан ыстық нығыздау арқылы бұйым жасау, жасанды былғары, нитромастика, нитролак, нитроэмаль, құрғақ жаншылған паста, нитролинолеум және нитроклетчатка негізіндегі басқа да өнімдер өндірістеріндегі технологиялық процесінде жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында істейтін жұмыскерлер.

## **8-тарау. Негізгі және тәжірибелі жарылғыш заттар, оқ-дәрілер, пиротехникалық, түтіндегіш және бастамашы заттар өндірісінің жалпы кәсіптері**

76. Өндіріс цехтарында (учаскелерінде) ракеталық-ғарыштық техникаға сұйық ракеталық отын құрауыштарын құятын жұмыс уақытының кемінде 80 % жұмыс істейтін жұмыскерлер.

77. Улы өнімдерден босаған сыйымдылықтарды, химиялық құралдарды және жабдықтарды тазалайтын, қайтымды сыйымды ыдыстарды жуу және өңдеуде жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмысшылар.

78. Өнеркәсіптік суды бейтараптандыратын және тазалайтын, қатты, сұйық және газ түріндегі қалдықтарды кәдеге жарататын, сондай-ақ газдан құтқаруда жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмысшылар.

## **9-тарау. Кәсіпорындар және ұйымдардың зертханалары (бөлімдері). Жою базалары, ракеталық-ғарыштық құралдарға май құю, сұйық ракеталық отын бөлшектерімен ластанған ракеталық қару-жарақтарды бейтараптандыру және демонтаждау цехтары (учаскелері, зертханалары, станциялары**

79. Ракеталық отын құрамы бөліктерімен ластанған ракеталық қару-жарақтарды, ракеталық-ғарыштық техниканы және жеке қорғану құралдарын демонтаждау, бейтараптандыруда жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер.

## **7-бөлім. Атом өнеркәсібі**

### **1-тарау. Құрамында радиоактивті заттары мен бериллийі бар шикізат өндіру**

80. Шахта үстіндегі жұмыстар:

1) радиоактивті заттармен және бериллийі бар шикізаттарды тиейтін, түсіретін, кептіретін, сұрыптайтын және буып-түйетін жұмыстарда жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында істейтін жұмысшылар.

2) радиоактивті заттары мен бериллиймен ластанған кеніштер мен шахталардың жабдықтарын үнемі жөндейтін жұмыстарда жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында істейтін жұмысшылар мен қызметшілер.

#### 81. Ашық кен жұмыстары:

ашық тәсілмен құрамында алтын кені бар радиоактивті, берилий шикізатын ашық әдіспен, сондай-ақ радиоактивті зияндылық жағдайында радиоактивті шикізатты жер астында және қолмен сілтісіздендіру әдісімен үнемі қазып алатын жұмыстарда жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер.

#### 82. Радиоактивті шикізатты байыту:

радиациялық зиянды жағдайда, радиоактивті шикізатты тиейтін және түсіретін, аталған шикізатты байытудың технологиялық процестерінде радиоактивті заттармен ластанған (оның ішінде шетелдегі осы салалас кәсіпорындарда) жабдықтарды үнемі жөндейтін жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер.

83. Радиоактивті заттар өндірісі; радиоактивті заттар мен оның қосындыларынан бұйымдар жасау:

радиоактивті заттар өндірісінің технологиялық процесінде, радиоактивті заттар мен олардың қосындыларынан бұйымдар әзірлейтін, сондай-ақ радиоактивті заттармен ластанған жабдықтарды жөндеу және қызмет көрсетумен жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында айналысатын жұмыскерлер.

#### 84. Сынап әдісімен құю өндірісі:

технологиялық процестерде, өндірістік зертханаларда, жабдық жөндейтін, сондай-ақ жабдықтарды, өндіріс орындары мен қорғау құралдарын ұдайы газсыздандыратын жұмыстарда жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер.

85. Радиоактивті және берилий шикізатынан фторлы қышқыл өндіру; радиоактивті немесе берилий қосындыларынан сірке қышқылын регенерациялау:

радиациялық немесе берилийлік зиянды жағдайдағы жұмыстарда, сондай-ақ берилиймен немесе радиоактивті заттармен ластанған технологиялық жабдықтарды жөндеу және қызмет көрсетумен жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында айналысатын жұмыскерлер.

86. Өнеркәсіптік атом реакторларындағы, атом электр станциялары мен атом жылу станцияларындағы жұмыстар:

технологиялық жабдықтарды, желдеткіштерді, басқару жүйесін, технологиялық және радиациялық бақылау приборларын пайдаланатын, жөндейтін және реттейтін, түрлі қолданыстағы атом реакторлары мен атом станцияларын радиациялық зиянды жағдайларда пайдаланудан ұдайы шығарылатын жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында айналысатын жұмыскерлер.

#### 87. Плутонийді радиохимиялық өндіру:

плутоний өндірісінде, сондай-ақ радиациялық зиянды жағдайларда технологиялық жабдықтарды жөндеумен жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында айналысатын жұмыскерлер.

#### 88. Плутоний металлургиясы және оны механикалық өңдеу:

радиациялық зиянды жағдайлардағы жұмыста, сондай-ақ радиоактивті заттармен ластанған технологиялық жабдықтарды жөндеумен жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында айналысатын жұмыскерлер.

89. Уранның фторлы қосындылары өндірісі:

радиациялық зиянды жағдайларда уранды, фторидтерді фторлы қосындыларын өндіретін және қайта өңдейтін, технологиялық жабдықтарды жөндеумен жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында айналысатын жұмыскерлер.

90. Уран-235 ортадан тепкіш және диффузионды өндірісі; радиоактивті газбен жұмыс істейтін уранның радиоактивті изотоптарын бөлетін ортадан тепкіш және диффузионды машиналарды сынақ стендтерінде жөндеу жұмыстары; радиоактивті изотоптарды бөлетін электромагнитті жабдықтардағы жұмыстар:

уран-235 өндірісінде, машина тексеру цехтарында химия және тәжірибе цехтарында, пайдаланатын, сынайтін, жабдықтарды, стенділер мен машиналарды, бақылау автоматика және бақылау құралдарын зиянды радиациялық жағдайларда реттейтін және ұдайы жөндейтін жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында айналысатын жұмыскерлер.

91. Радий мен полоний өндірісі және олардан бұйымдар жасау:

зиянды радиациялық жағдайда радий мен полоний өндірісінде және олардан бұйымдар жасайтын, сондай-ақ технологиялық жабдықтарды жөндеумен жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында айналысатын жұмыскерлер.

92. Нейтрон көздерін өндіру, жабдықтау және сынау:

зиянды радиациялық жағдайда жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер.

93. Уран, торий, плутоний, тритий қолданылатын бұйымдарды жасау құрастыру (бөлшектеу) және сынау (оның ішінде жару арқылы):

1) кәсіпорындардың, ғылыми бөлімдердің, ғылыми-зерттеу ұйымдарының зиянды радиация жағдайында радиоактивті заттармен ластанған технологиялық жабдықтарды жөндеумен жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында айналысатын жұмыскерлер.

2) полигондар мен үңгілерде, штольнялар мен ұңғымаларда арнаулы бұйымдарды сынақтан өткізуге әзірлеумен жұмыс уақытының кемінде 80 % -ында айналысатын жұмыскерлер.

94. Тритий өндірісі, арнаулы жоғары вольтті тритий қолданылатын құбырлар мен камераларды жабдықтау және сынау, құрамында тритийі бар гидрид, литийден бұйымдар жасау өндірісі:

тритиймен және құрамында тритий бар бұйымдармен, сондай-ақ радиоактивті заттармен ластанған технологиялық жабдықтарды жөндеумен жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында айналысатын жұмыскерлер.

95. Осы бөлімнің 80, 81, 82, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92 және 93-тармақтарында санамаланған кәсіпорындардың зертханалары мен өндірістеріндегі жұмыстар:

радиоактивті заттармен және зиянды радиациялық жағдайларда 1 және 2-сыныпты жұмыстар жүргізілетін радиоактивті заттар мен ионды сәуле көзімен, сондай-ақ радиоактивті заттармен ластанған зертханалық жабдықтар мен механизмдерді жөндеумен жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында айналысатын жұмыскерлер.

96. Осы бөлімнің 80, 81, 82, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92 және 93-тармақтарында санамаланған кәсіпорындар мен өндірістердегі радиоактивті зат қоймалары мен сақтау орындарындағы жұмыстар:

зиянды радиация жағдайында радиоактивті заттар мен иондалатын сәулелер көздерін тиейтін, түсіретін, сұрыптайтын, ауыстырып салатын, буып-түйетін және сақтайтын, сондай-ақ радиоактивтік заттармен ластанған технологиялық жабдықтарды жөндеумен жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында айналысатын жұмыскерлер.

97. Осы бөлімнің 80, 81, 82, 84, 85, 86, 87, 88 және 89-тармағында ( химия-металлургиялық тексеру және регенерация цехтарында, конденсациялық буландыру қондырғыларында) және 90, 91, 92 және 93-тармақтарында санамаланған кәсіпорындар мен өндірістердің санитариялық өткізу орындарындағы (жуынатын бөлме) арнаулы киімдер мен жабдықтарды дезактивтендіру және шаңсыздандыру жұмыстары:

1) радиоактивті заттармен ластанған арнаулы жұмыс киімдерін (арнаулы аяқ киімдерді) қабылдау, сұрыптау, тазалау, тасымалдау, жуу, жөндеумен жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында айналысатын жұмыскерлер.

2) жұмыс орындарын, жабдықтарды жөндеу және радиоактивті ластарды, арнаулы кір жуу, санитариялық өткізу орындарын (жуыну бөлмелерін) жинау, жөндеумен жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында айналысатын жұмыскерлер.

3) радиоактивті заттармен ластанған жабдықтарды, үй-жайларды және материалдарды дезактивтендіруде жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында істейтін жұмыскерлер.

98. Радиоактивті заттармен ластанған өнеркәсіп ғимараттары мен құрылыстарының ішіндегі монтаждау, демонтаждау және жөндеу-құрылыс жұмыстары:

зиянды радиация жағдайларында жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс атқаратын жұмыскерлер.

99. Осы бөлімнің 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92 және 93-тармақтарында санамаланған өндірістегі радиоактивті заттарды жинау, жарату, тасымалдау және жер астына көму жұмыстары:

қалдықтар мен ластанған жабдықтарды жинайтын, тиейтін, түсіретін, қайта өңдейтін, жарататын, тасымалдайтын және жер астына көметін немесе өндірістердегі радиоактивті заттармен ластанған көлік құралдарына үнемі қызмет көрсететін жұмыстарда жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында істейтін жұмыскерлер.

100. Берилий шикізатын байыту; берилий мен оның қосындыларын, берилий мен оның қосындыларынан бұйым жасау өндірісі:

берилий және оның қосындылары өндірісінде, берилий зияндылығы жағдайында және өндіріс зертханаларындағы технологиялық жабдықтарды жөндеу, сондай-ақ өндіріс қалдықтарын жинау, тасымалдау және көмумен жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында айналысатын жұмыскерлер.

101. Зүбәржат жасау:

берилий шикізатынан зүбәржат жасаумен тұрақты айналысатын жұмысшылар.

102. Зиянды берилий жағдайында өндіріс орындарындағы жұмыстар:

1) зиянды берилий жағдайында монтаждайтын, демонтаждайтын және жөндеу құрылыс жұмыстарын атқарумен жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында айналысатын жұмыскерлер.

2) жабдықтар мен өндіріс орындарын тазалаумен жұмыс уақытының кемінде 80 % айналысатын жұмыскерлер.

103. Санитариялық өткізу орындарында (жуыну бөлмелерінде), арнаулы кір жуу орындарында арнаулы жұмыс киімдерін тазалау және шаңсыздандыру жұмыстары:

1) берилиймен ластанған арнаулы жұмыс киімдерін (арнайы аяқ киімдерді) қабылдаумен, сұрыптаумен, тазалаумен, тасымалдаумен, жуумен, жөндеумен жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында айналысатын жұмысшылар.

2) арнайы кір жуу орындарының, санитариялық өткізу орындарының (жуыну бөлмесінің) зиянды берилий жағдайында орын жайларды жинаумен, жабдықтарды жөндеу және қызмет көрсетумен жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында айналысатын жұмыскерлер.

104. Радиациялық және берилий зияндылығы жағдайларындағы жұмыстар:

технологиялық процестерді ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ технологиялық жабдықтарды жөндеу, қызмет көрсету, реттеу және қайта жабдықтаумен жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында айналысатын өндірістердің, цехтардың, шахталардың және кендердің жұмыскерлері.

**8-бөлім. Радиоактивті заттармен, иондайтын сәуле көздерімен, берилиймен, танталмен, ниобимен және жердің сирек элементтерімен жұмыс**

**1-тарау. Кәсіпорындардағы, ғылыми-зерттеу институттарындағы, зертханалардағы, конструкторлық және тәжірибелік-конструкторлық ұйымдардағы және медициналық мекемелердегі жұмыстар**

105. Радиациялық немесе зиянды берилий жағдайларындағы сынайтын, сынау-өндірістік және ірілендірілген зертхана жабдықтарында, өнеркәсіптік өндірудегі технологиялық процестерді жетілдіру немесе өңдеу бойынша тәжірибе, өндірістік цехтарда, радиоактивті шикізатты қайта өңдейтін, атом энергиясын өнеркәсіптік

пайдаланатын, радиоактивті заттарда, берилий, тантал мен ниобий және олардан жасалатын бұйымдарды өнеркәсіптік немесе сынаулық алу жұмыстарымен жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында айналысатын жұмыскерлер.

106. Жұмыс орындарында белсенділігі кемінде 0,1 милликюри радий-226 немесе радиолылығы жөнінен балама радиоактивті заттары бар радиоактивті заттармен жұмыс істейтін және осындай жағдайда жабдықтарды жөндеу мен және оларға қызмет көрсетумен жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында айналысатын жұмыскерлер.

107. Берилий, берилийден және оның қосындыларынан жасалған бұйымдар, тантал, ниобий және олардың бұйымдары өндірісінде, металлкерамикалық берилий бұйымдары өндірісінде, оның ішінде арнайы зиянды жағдайдағы жабдықтарды жөндеу, қызмет көрсетумен жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында айналысатын жұмыскерлер.

## **2-тарау. Зерттеу, көлік, тәжірибелік-өнеркәсіптік атом реакторларындағы, олардың прототиптеріндегі, критқұрастыру мен импульстік реакторлардағы, тәжірибелік термоядролық қондырғылардағы және сәулелендіру белсенділігі $5 \times 10$ шаршы кюри және одан жоғары қуатты изотоптық сәулелендіруші гамма-қондырғылардағы жұмыс**

108. Зиянды радиациялық жағдайларда пайдалану, жөндеу, реттеу және эксперименталды жұмыстарда жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында айналысатын жұмыскерлер.

109. Радиоактивтілік пен радиоактивті сынықтардан пайда болған технологиялық суларды тазалау, сондай-ақ радиоактивті зияндылық жағдайында тазалау құрал-жабдықтарының технологиялық жабдықтарын жөндеумен жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында айналысатын жұмыскерлер.

110. 1 және 2-сыныптағы жұмыстар жүргізілетін кемелер, ғимараттар, құрылыстар ішінде атом энергетикалық құрылғылар жабдықтарын және технологиялық жабдықтау құралдарын сақтаумен жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында айналысатын жұмыскерлер.

## **3-тарау. Радиоактивті заттар, берилий және оның қосындылары сақталатын орындар мен қоймалардағы жұмыс**

111. Зиянды радиациялық жағдайда активтілігі 10 милликюрьден жоғары радий 226 немесе радиолығы жөнінен балама радиоактивті заттары, берилий және оның қосындылары бар радиоактивті заттарды қабылдау, ауыстырып салу, бөліп буып-түю, сақтау және босатумен жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында айналысатын жұмыскерлер.

## **4-тарау. Жердің сирек элементтерін химиялық әдіспен өндіру**

112. Аталған технологиялық процесте және жабдықтарды жөндеумен жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер.

#### **5-тарау. Радиоактивті заттарға байланысты жер үстіндегі геологиялық барлау жұмыстары**

113. Радиоактивті кендерге байланысты жұмыстармен жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында айналысатын жұмыскерлер.

#### **6-тарау. Өнеркәсіптік-санитариялық зертханалардағы, кәсіпорындардағы, ұйымдардағы, медициналық мекемелердегі және мемлекеттік өнеркәсіптік атомдық қадағалау инспекциясындағы және радиациялық қауіпсіздік ведомстволық қызметтеріндегі жұмыстар**

114. Арнайы зиянды жағдайларда атом реакторларына, атом станцияларына және радиоактивті заттар мен бериллий, тантал, ниобий өндірісіне қызмет көрсетумен жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында айналысатын жұмыскерлер.

#### **7-тарау. Жеделдету қондырғыларындағы, секундына нейтрондардың тоғызыншы дәрежесіндегі 10 және одан да көп нейтрон шығаратын нейтрон генераторларындағы жұмыстар**

115. Эксперименталды және пайдалану жұмыстарын жүргізу кезінде радиациялық зиянды жағдайда жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер.

116. Жабдықтарды жөндеумен жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында айналысатын жұмыскерлер.

#### **8-тарау. Радиоактивті заттарды, бериллийді және оның қосындыларын тасымалдау, көму жөніндегі жұмыстар; радиоактивті заттар мен бериллиймен ластанған арнайы киімдерді, жабдықтарды, өндірістік жерлерді дезактивизациялау, газсыздандыру және шаңсыздандыру жұмыстары**

117. Радиоактивті заттарды, радиоактивті қалдықтарды, бериллий және оның қосындылары мен қалдықтарын тиейтін, түсіретін, қайта тиейтін, тасымалдайтын, жинайтын, өңдейтін, сақтайтын және көметін, сондай-ақ арнайы зиянды жағдайларда жабдықтарды, үй-жайларды, көлік құралдарын газсыздандыратын, арнайы киімді жинайтын, жөндейтін, дезактивизациялайтын және шаңсыздандыратын жұмыспен жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында айналысатын жұмыскерлер.

118. Санитариялық рұқсатнамалардың (себелегіштердің) жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмысшылары.

#### **9-тарау. Өзге де жұмыстар**

119. Жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер:

радиоизотоп зертханасының автоматика және бақылау-өлшеу құралдарының слесарі;

пештер алдындағы ыстық жұмыстарда жұмыс істейтін термист;

өнеркәсіпте және құрылыста радиоизотопты дефектоскопия (гаммадефектоскопия) жылжымалы жабдықтарындағы материалдар мен бұйымдарға ұдайы және тікелей сәуле түсірумен айналысатын жұмыскерлер;

өнеркәсіптегі және медициналық мекемелердегі рентген жабдықтарында, сондай-ақ оларды жөндеумен және реттеумен айналысатын жұмыскерлер.

## **10-бөлім. Мұнай, газ және газ конденсатын бұрғылау, өндіру және өңдеу, көмірді қайта өңдеу**

### **11-тарау. Бұрғылау**

120. Жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер:

Жұмысшылар:

балқыту аппаратшысы;

техникалық сутегіні нығыздау аппаратшысы;

бункерші;

ұңғымаларды күрделі жөндейтін бұрғылаушы;

теңізде жүзбелі бұрғы агрегатын бұрғылаушы;

мұнай мен газ ұңғымаларын пайдалану және барлау бұрғылауымен айналысатын бұрғылаушы;

жарушы;

вулкандаушы;

мұнара монтажшысы;

мұнара монтажшы-дәнекерлеуші;

мұнара монтажшы-электромонтер;

газогенераторшы;

дезактиваторшы;

мұнай-газ кәсіпшілік жабдықтарына қызмет көрсету агрегатының машинисі;

бұрғылау қондырғыларының машинисі;

газ айдайтын машиналардың машинисі;

пластикалық массаларды түйіршектеу машинисі;

компрессорлық қондырғы машинисі;

кран машинисі (краншы);

ұңғы цементажы бойынша машинисі;

ұңғыларды сынамалау көтергішінің машинисі;

жуу агрегатының машинисі;

технологиялық сорғылар машинисі;

штабель жасау машинасының машинисі;  
экструдер машинисі;  
бұрғылау қондырғысының моторшысы;  
цементтеу агрегатының моторшысы;  
цемент-құм араластырғыш агрегаттың моторшысы;  
ұңғымаларды жерасты жөндеу операторы;  
кен қабатының гидравликалық жару операторы;  
мұнай және газ өндіру операторы;  
ұңғымаларды байқау (сынау) операторы;  
қабаттық қысымды қолдау операторы;  
ұңғыма химиялық өңдеу операторы;  
технологиялық қондырғылардың операторы;  
тауарлық оператор;  
ұңғымаларды күрделі жөндеу бұрғылаушысының көмекшісі;  
теңіздегі жүзбелі бұрғылау агрегаттары бұрғылаушысының көмекшісі;  
мұнай мен газ ұңғымаларын пайдаланумен және барлаумен айналысатын бұрғылаушының көмекшісі;  
скрубберші-сорғышы;  
бұрғыларда қызмет көрсету слесарі;  
технологиялық қондырғыларды жөндеу слесарі;  
бұрғылауда тікелей жабдықтарды жөндеумен айналысатын слесарь-жөндеуші;  
сүзгі-пресші;  
центрифугалаушы;  
бұрғылауда электр құрал-жабдықтарын жөндеумен және оларға қызмет көрсетумен тікелей айналысатын электромонтер.

Қызметшілер:

Бұрғылау қондырғысының, терең (құрылымдық-іздеу) бұрғылайтын мұнай-газ барлау (партияларының), ұңғымаларды байқаудан (сынаудан) өткізу жөніндегі цехтің қызметін бақылауды және оларға басшылық етуді қамтамасыз ететін жұмыскерлер, оның ішінде:

бұрғылау жөніндегі инженер (бұрғылау жұмыстары);

бұрғылау шебері (көмекші);

шебер (аға);

мұнара құрылысында ұңғымаларды бұрғылау, ұңғымаларды сынау өндірістік процестерінде күрделі жөндеумен айналысатын механик (аға);

мұнара құру жұмыстарын жүргізуші.

## **12-тарау. Мұнай, газ және газ конденсатын өндіру**

121. Жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер:

Жұмысшылар:  
ұңғымаларды күрделі жөндеу бұрғылаушысы;  
теңіздегі жүзбелі бұрғылау агрегаттарының бұрғылаушысы;  
мұнай мен газ ұңғымаларын пайдаланумен және барлап бұрғылаумен айналысатын бұрғылаушы;  
жарушы;  
МАЦ жүргізушісі;  
каротажшы;  
мұнай-газ кәсіпшілік жабдықтарына қызмет көрсету агрегаттарының машинисі;  
бұрғылау қондырғысының машинисі;  
мұнай мен газдың бұрғылау қондырғысының машинисі;  
газ айдайтын машина машинисі;  
пластикалық массаларды түйіршектеу машинисі;  
кран машинисі (краншы);  
қабатқа жұмыс агентін айдайтын сорғы станциясының машинисі;  
жылжымалы парафинсіздендіру бу қондырғысының машинисі;  
мұнай қабаттарына бу тартатын бу генераторлы қондырғылардың машинисі;  
жылжымалы компрессор машинисі;  
ұңғымаларды цементаждау машинисі;  
каротажды станция көтергішінің машинисі;  
көтергіш машинисі;  
жуу агрегатының машинисі;  
технологиялық сорғы машинисі;  
штабель жасайтын машинаның машинисі;  
экструдер машинисі;  
цемент-құм араластырғыш агрегаттардың моторшысы;  
цементтеу агрегаттарының моторшысы;  
қондырғыларды құрғатушы және тұздатпаушы оператор;  
қабаттарды гидравликалық ажырату операторы;  
мұнай және газ өндіру операторы;  
ұңғымаларды зерттеу операторы;  
ұңғымаларды күрделі және жер астында жөндеуге дайындау операторы;  
қабат қысымын бір қалыпты ұстау операторы;  
ұңғымаларды жерасты жөндеу операторы;  
ұңғымаларды химиялық өңдеу операторы;  
ұңғымаларды күрделі жөндеу бұрғылаушысының көмекшісі;  
ұңғымаларға геофизикалық зерттеу жүргізетін кәсіпшілік-геофизикалық партиялар мен отрядтардың жұмысшысы;

кәсіпшілікте құрамында (1,5 %-дан астам) күкірт, су бар газды кешенді дайындау қондырғыларында жұмыс істейтін бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика слесарі; теңіздегі ұнғымалар мен эстакадалардың негіздерін монтаждау және жөндеу слесарі ;

технологиялық қондырғыларды жөндеу слесарі; такелажшы;

құрамында газ бен конденсат бар күкіртті сутегін кәсіпшілік орнынан зауытқа дейін тасымалдайтын құбырларға қызмет көрсетумен айналысатын желідегі құбыршы; тікелей мұнай, газ және газ конденсаты нысандарында электр құрал-жабдықтарын жөндеумен және қызмет көрсетумен айналысатын электромонтер.

Қызметшілер:

мұнай, газ және газ конденсатын (мұнай-газ кәсіпшілігінде) өндіру жөніндегі цехтің , жедел өндірістік қызметтердің қызметін бақылауды және оларға басшылық етуді қамтамасыз ететін жұмыскерлер, оның ішінде:

мұнай, газ және газ конденсатын (мұнай-газ кәсіпшілігінде) өндіру жұмыстарында, ұнғымаларды жер астында және күрделі жөндеу жұмыстарда істейтін, қабаттық қысымды, мұнай, газ және газ конденсатын өндірудің қайталама тәсілдерін бір қалыпты ұстау, қабаттардың мұнай беруін арттырумен айналысатын шебер (аға);

радиоактивті қалдықтарды уақытша сақтау полигонындағы (УСП), мазутталған топырақты қайта өңдеу кешенінде, оқшауландыру үшін сұйықтық дайындау қондырғысында жұмыс істейтін шебер;

мұнай, газ және газ конденсатын (мұнай-газ кәсіпшілігінде) өндіру жұмыстарында, ұнғымаларды жер астында және күрделі жөндеу жөніндегі жұмыстарда істейтін, қабаттық қысымды, мұнай, газ және газ конденсатын өндірудің қайталама тәсілдерін бір қалыпты ұстау, қабаттардың мұнай беруін арттырумен айналысатын механик (аға).

### **13-тарау. Мұнай, газ, газ конденсатын және көмірді қайта өңдеу**

122. Күкіртті, мұнайды айдау, крекерлеу және олардан мұнай өнімдерін жасау; каталитикалық риформингі; сланец және көмір шайырын айдау; күкіртті мұнай өнімдері пиролизі; хош иісті көмір сутегілерді ректификациялау; күкірт сутегі және көміртегі қышқылды газдарды компримирлеу және фракционерлеу; бензинді, күкірт қышқылын алкилрлеу, этилдеу; мұнай өнімдері мен жасанды сұйық отынды қышқылды, селективті сумен тазарту және депарафиндеу; суды, парафинді, церезинді, меркаптандарды, катализаторларды, мұнай өнімдерінің тұнбаларын; коксты, мұнай шикізатының синтетикалық өнімдерін дефенолдау, қатты отын өнімдерін жартылай кокстендіру, газдарды күкірт қосындыларынан, көміртегі қышқылынан тазарту; қатты отын мен күкіртті мұнай өнімдерін гидррлеу; көмір сутегілері синтезі; гидррлеу синтезі, жартылай кокстендіру, кокстендіру және қатты отынды газдандыру өнімдерін қайта өңдеу; сілтілі қалдықтарды майсыздандыру және қышқылсыздандыру; күкірт

сутегілі мұнайды және газ конденсатын электрлі тұзсыздандыру және тұрақтандыру, гидротазалау, қарапайым (газ) күкірт алу; техникалық көміртек өндірісінде жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер:

барлық атаудағы аппаратшы;

барильетші;

дезактиваторшы;

уатушы;

оқшаулаушы;

кокс тазартушы;

коксты қолмен түсіруші;

химия талдау зертханашысы;

қарапайым (газ) күкіртті босатумен және тиеумен айналысатын бульдозер машинисі

;

этилденген бензинмен жұмыс істейтін, отынды моторлы сынаумен айналысатын машинист;

технологиялық сорғы машинисі;

қарапайым (газ) күкіртті тиеумен айналысатын экскаватор машинисі;

технология жабдығының операторы;

этил ерітіндісін түсірумен және ағызумен айналысатын жұмысшы;

рампылаушы;

технологиялық жабдықтарды жөндеу слесарі;

сүзгі-престеуші;

тазалаушы.

123. Мұнай және мұнай өнімдерін айдау, крекирлеу және катализдік риформингілеу , мұнай өнімдерін пиролиздеу, шикізат мұнайды дайындау, ерітінділер мен майларды регенерациялау өндірістерінде, газды бензин, сұйытылған газ өндіру; газды бензинді конденсациялау, тұту; табиғи, су газын конверсиялау; мұнай өнімдерін, жасанды сұйық отынды сілтілермен тазалау; отын даярлау, отын жеткізу, қатты отынды байыту, битум, консистентті жаққымай өндірісінде, сондай-ақ негізгі өндірістердің технологиялық құрал-жабдықтарын және коммуникацияларын, өндірістік кәріз, желдету, мұнай өнімдері мен газға арналған резервуарлық парктер мен коммуникацияларды, мұнай өнімдерін төгу және құю мен реагентті шаруашылықтың эстакадаларын жөндеу және оларға қызмет көрсетумен жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында айналысатын жұмыскерлер:

Жұмысшылар:

барлық атаудағы аппаратшы;

барильетші;

бункерші;

ұңғымаларда күрделі жөндеу бұрғылаушысы;

теңіздегі қалқыма бұрғы агрегатының бұрғылаушы;  
мұнай мен газ ұңғымаларын пайдалану және барлап бұрғылаумен айналысатын бұрғылаушы;

жарушы;

вулкандаушы;

мұнара монтажшы;

мұнара монтажшы-дәнекерлеуші;

мұнара монтажшы-электромонтер;

газгенераторшы;

дезактиваторшы;

уатушы;

кокс тазалаушы;

кокс түсіруші;

қазандық жөндеумен айналысатын қазаншы;

барлық атаудағы машинист (көмекшісі);

улы заттармен зарарсыздандырылған арнайы киімді жуу және жөндеу машинисі;

механик;

шикізатты, жартылай дайын өнімді, дайын өнімді, реагенттерді, абсорбенттерді, катализаторларды және отынды, мұнай тұтқыштарды және кептіру камераларын тиеумен және түсірумен, уатумен, жарумен, ыдыстарға салумен және тасымалдаумен айналысатын жұмысшы.

теңіздегі бұрғылар мен эстакадалардың негізін монтаждау және жөндеу слесарі;

бұрғылауларға қызмет көрсету слесарі;

технологиялық қондырғыларды жөндеу слесарі;

тікелей мұнай, газ және газ конденсатын өндіру нысандарында істейтін слесарь-жөндеуші;

тоннельші;

тасымалдаушы;

желідегі құбыршы;

буып-ораушы;

сүзгіші;

сүзгі-престеуші;

центрифугалаушы.

Қызметшілер:

Ауысым, қондырғы (бұрғылау, газ бензинді, оттегі, байыту, регенерациялық және басқа), цех (технологиялық) қызметін бақылауды және оларға басшылық етуді қамтамасыз ететін жұмыскерлер, оның ішінде:

инженер (ауысып істейтін);

шебер (аға);

бақылау-өлшеу аспаптарына және автоматикаға олар учаскеде орнатылған жерлерде тікелей қызмет көрсетумен және жөндеумен айналысатын аспапшы.

124. Жұмыс уақытының кемінде 80%-ында мұнай, газ, газ конденсатын, көмірді дайындау және қайта өңдеу жұмыстарымен айналысатын (есепті кезеңде) жұмыскерлер :

Жұмысшылар:

балқыту аппаратшысы;

техникалық көміртекті нығыздау аппаратшысы;

қазандық жөндеумен айналысатын қазаншы;

пиролиз, катализдік крекинг, синтетикалық спирт, полиэтилен, газдарды, минералды күкірт қышқылын компримирлеу және фракциялау, өнеркәсіптік ағын суларды тазалау қондырғыларында жұмыс істейтін газ айдау машиналарының машинисі;

пластикалық массаларды түйіршектеуші машинист;

компрессорлық қондырғы машинисі;

пиролиз және этанол өндірісінде жұмыс істейтін кран машинисі (краншы);

улы заттармен зарарсыздандырылған арнайы киімді жуумен және жөндеумен айналысатын машинист;

технологиялық сорғылар машинисі;

синтетикалық талшықтар және олардан бұйымдар жасау өндірісінде жұмыс істейтін шпреди́нг-машина машинисі;

полиэтилен өндірісінде істейтін қаттама құрастырғыш машиналардың машинисі;

мұнай шикізатынан синтетикалық өнімдер өндірумен айналысатын экструдер машинисі;

пирометрист;

газдарды күкірт қоспаларынан, көміртек тотығынан тазарту, құрамында күкіртсу бар мұнай және газ конденсатын электрмен тұзсыздандыру және сусыздандыру, тұрақтандыру, сумен тазалау, қарапайым күкірт алу және шығатын газдарды соңына дейін тазарту, сұйытылған газды тазалау және меркаптан өндірісінде істейтін аспапшы;

бақылау-өлшеу аспаптарына және автоматикаға учаскелерде орнатылған жерлерде тікелей қызмет көрсетумен және жөндеумен айналысатын аспапшы;

шикізатты, жартылай дайын өнімді, дайын өнімді, реагенттерді, абсорбенттерді, катализаторларды және отынды, мұнай тұтқыштарды және кептіру камераларын тиеумен және түсірумен, уатумен, жарумен, ыдыстарға салу және тасымалдаумен айналысатын жұмысшы;

скрубберші-сорғышы;

технологиялық қондырғыларды жөндеу слесарі;

тоннельші;

тасымалдаушы;

техникалық көміртекті буып-ораумен айналысатын ораушы;

сүзуші;

сүзгі-престеуші;

центрифугалаушы.

Қызметшілер:

Ауысым, учаске қызметін бақылауды және оған басшылық етуді қамтамасыз ететін жұмыскерлер, оның ішінде:

жабдықтарды жөндеу шебері;

механик (аға).

125. Газды техникалық көміртегі өндірісіндегі цех зертханаларында жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер.

126. Газдан құтқару қызметі:

жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер.

## **10-бөлім. Құрылыс материалдары өндірісі**

### **1-тарау. Цемент өндірісі**

127. Жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер:

аспираторшы;

бункерші;

шахта пешінен тиеп түсіруші;

газшы;

цементті тиеумен айналысатын жүк тиеуші;

цементті мөлшерлеумен айналысатын шикізатты мөлшерлеуші;

шнекте мөлшерлеуші-араластырушы;

пешті (шахта пешін) толтырушы;

кептіру барабандарының от жағушысы;

цемент, көмір, құрғақ шикізатты тарту цехтарында, учаскелерінде істейтін шебер (аға).

айналмалы пештердің машинисі (күйдіруші);

шахталық пештердің машинисі (күйдіруші);

бұрама сорғылардың машинисі (фуллерлеуші);

кальцинаторлар машинисі;

ыстық жұмыс учаскелерінде (кринкер қоймасы) істейтін кран машинисі (краншы);

пневматикалық қондырғы машинисі;

өлшеп-орау машинасының машинисі;

скреперлі шығыр машинисі;

шикізат диірменінің машинисі;

көмір диірменінің машинисі;

цемент диірменінің машинисі;  
штабель жасайтын машиналардың машинисі;  
цемент төгуші;  
айналмалы пештер машинисінің (күйдіруші) көмекшісі;  
шахталық пештер (күйдіруші) машинисінің көмекшісі;  
шикізат диірмені машинисінің көмекшісі;  
көмір диірмені машинисінің көмекшісі;  
цемент диірмені машинисінің көмекшісі;

технологиялық және шаңсыздандыру қондырғыларына қызмет көрсетумен және жөндеумен айналысатын слесарь-жөндеуші;

ұнтақтау, аспирациялау цехтарында және құрғақ тәсілмен шикізатты ұнтақтау цехтарында жұмыс істейтін электр қондырғыларды жөндеу жөніндегі слесарь-электрші ;

сүрлемдердегі ұнды араластырушы;  
ыстық клинкерді транспортерлеуші;  
цементті орап-буушы;  
Футеровшы-тас қалаушы;  
шлам бассейндері мен болтушкаларды тазалаумен айналысатын тазалаушы;  
шаң камераларын тазалау жөніндегі тазалаушы;  
шламдаушы;

электр жабдықтарын (технологиялық және тозаңсыздандыру) жөндеу және қызмет көрсетумен айналысатын электромонтер.

## **2-тарау. Слюда өндіру және өңдеу**

128. Жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер:

Жұмысшылар:

слюда уатушы;  
бөлшектеуші-уатушы;  
микалекс массасын дайындаушы;  
слюданы калибрлеуші;  
миканит желімдеуші;  
слюданы түйреуші;  
лак пісіруші;  
электр оқшаулағыш бұйымдарын ораушы;  
миканит пен микалексті престеуші;  
альмопромфосфатпен жұмыс істейтін слюдопласт материалдарын қанықтырушы;  
слюда кесуші;

слюда, кварц және пегматитті бөлшектеуші-тартушы учаскелерді жөндеу және қызмет көрсетумен айналысатын слесарь-жөндеуші;

слюда сұрыптаумен тұрақты айналысатын слюда шикізатын және одан жасалған заттарды сұрыптаушы;

слюда өңдеу жөніндегі термист;

слюда ораумен айналысатын салып-ораушы;

слюда, кварц және пегматитті бөлшектеуші-тартушы электр жабдықтарына қызмет көрсетумен айналысатын электр жабдықтарына қызмет көрсету жөніндегі электромонтер.

Қызметшілер:

Карьердегі және тау үйінділеріндегі ауысым, учаске қызметін бақылауды және оларға басшылық етуді қамтамасыз ететін жұмыскерлер, оның ішінде:

шебер (аға).

### **3-тарау. Асбест өндірісі**

129. Жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмыскерлер:

Жұмысшылар:

шпур бұрғылаушы;

жарушы;

дрезина жүргізушісі;

байыту фабрикаларының ілеспелі өнімдері мен қалдықтарын, асбест үйінділерін тиеумен және қолмен асбесті қосымша тиеумен, асбесті тиеумен айналысатын тиегіш жүргізуші;

карьерлерде тұрақты жұмыс істейтін тиегіш жүргізуші;

шаң тиеп түсіруші;

гүрсілдетуші;

асбестпен жұмыс істейтін жүк тиеуші;

уатушы;

забойшы;

байыту цехтарында (учаскелерде) бақылау аппараттарында жұмыс істейтін физикалық-механикалық сынақтар жөніндегі зертханашы;

қазан машинисі (от жағушы);

байыту фабрикаларының құрғақ кен қоймаларындағы бульдозер машинисі;

бұрғылау құрылғысының машинисі;

аспирациялық құрылғыларда жұмыс істейтін желдетпе және аспирациялық құрылғы машинисі;

байыту фабрикаларының жартылай өнеркәсіптік құрал-жабдықтарында жұмыс істейтін желдетпе және аспирациялық құрылғы машинисі;

түзету-шегелеу-өңдеу машинасының машинисі;

уату-ұнтақтау-сұрыптау механизмдерінің машинисі;

ашық тау-кен жұмыстары мен байыту фабрикаларында істейтін компрессорлық құрылғы машинисі;

байыту фабрикаларының конвейер машинисі;

байыту фабрикаларының технологиялық үй-жайларында істейтін кран машинисі (краншы);

аудару соқаларының машинисі;

қоректендіргіш машинисі;

жол қозғаушы машинист;

жол көтеруші машинист;

кең табанды жол төсеу машинисі;

өлшеп-орау машина машинисі;

тарту агрегатының машинисі және оның көмекшісі;

хоппер-дозатор машинисі;

шпал қағу машина машинисі;

қатар қалыптастыру машинасының машинисі;

байыту фабрикаларында асбестік кендер мен қалдықтарын байыту ілеспе өнімдерін тиеу, қоймаға қоюмен айналысатын экскаватор машинисі;

асбест байыту фабрикаларының негізгі цехтарында істейтін асбест байыту жабдықтарын монтаждау және бөлшектеу жөніндегі монтажшы;

жол монтері;

байыту цехтарында (учаскелерінде) жұмыс істейтін қосалқы жұмысшы;

кен және асбест қабылдаушы;

байыту фабрикаларының сынамаларды іріктеумен және өңдеумен айналысатын сынама алушы;

тау үйінділерінде істейтін жұмысшы;

асбест байыту жабдықтарын реттеуші;

асбест байыту жабдықтарын жөндеумен айналысатын слесарь-жөндеуші;

байыту цехтарында (учаскелерінде) жабдықтарды майлаумен айналысатын майлаушы;

сұрыптаушы;

кептіруші;

байыту фабрикаларының технологиялық цехтарында жұмыс істейтін электр газбен дәнекерлеуші;

байыту фабрикаларының технологиялық цехтарында жұмыс істейтін барлық атаудағы электромонтерлер;

кезекші және жабдық жөндеуші электрослесарь (слесарь).

Қызметшілер:

шебер (аға);

байыту фабрикасының технологиялық цехының механигі.

#### **4-тарау. Асбест-цемент, асбест-силит және асбокартон өндірісі**

130. Жұмыс уақытының кемінде 80 %-ында жұмыс істейтін жұмысшылар:  
өрме белдеуші;  
бункерлеуші;  
асбест-цементтік табақты толқындатушы;  
голлендоршы;  
қауіптілігі 3-сыныптағы заттардан төмен емес зиянды заттарды қолдана отырып,  
асбест-цемент, асбест-силит бұйымдарын топырақтандырушы;  
асбестті мөлшерлеуші;  
цемент пен асбестті жеткізумен айналысатын кран машинисі (краншы);  
табақ қалыптау машинасының машинисі;  
құбыр машинасының машинисі;  
қоспалаушы мен араластырушы машина моторшысы;  
асбест-цемент бұйымдарын престеуші;  
асбест-цемент, асбест-силит бұйымдарын кесуші;  
қағаз, қатырма қағаз және целлюлозаны кесуші;  
негізгі цехтарда (учаскелерде) істейтін слесарь-жөндеуші;  
сұрыптаушы;  
асбест-цемент бұйымдарын кептіруші;  
кептіруші;  
асбест-цемент құбырлары мен муфталарды өңдеу ұстасы;  
салып-ораушы;  
асбест-цемент және асбест-силит плиталарын тегістеуші;  
асбокартон қағаз өндірісінде жұмыс істейтін штампылаушы;  
кезекші және жабдықтарды жөндеу жөніндегі электрослесарь (слесарь).

